



Сыр бойы

№81-82 (21156-21157) 6 маусым, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz

www.instagram.com/syrboy_kz

t.me/syrboy_kz

twitter.com/syrboy

/// ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҮШТАҒАНЫ



«ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰҚЫҚ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ РӨЛІ» ФОРУМЫ
2026 жылғы 5 маусым

FORUM
"ADMINISTRATIVE JUSTICE
AND ITS ROLE IN ENSURING
THE RULE OF LAW"
June 5, 2026



Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елордада өткен «Әкімшілік әділет және оның құқық үстемдігін қамтамасыз ету ісіндегі рөлі» атты халықаралық форумда сөз сөйледі.

Президент алдымен форумның ашылуымен құттықтап, қадірлі меймандарға арнайы келгендері үшін алғыс білдірді. Сондай-ақ алқалы жиын тақырыбы бойынша айтылған өзекті ойлар мен құнды пікірлер міндетті түрде Үкімет назарында болатынын жеткізді.

– Мемлекет пен қоғам тұтастығын нығайту – Қазақстан үшін алдыңғы қатардағы міндеттің бірі. Еліміз тұрақты дамуы үшін халық пен билік арасында өзара сенім және келісім болуы керек. Бұл – мызғымас қағида. Бірақ мұндай келісім өздігінен пайда болмайтыны анық. Қоғамдық келісім, бұл – көпқырлы табанды жұмыстың нәтижесі. Сондықтан мен Президент ретінде осы өте өзекті мәселеге баса мән беремін.

Біз «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын жүзеге асыра бастадық. Ашық диалог жүргізу, азаматтардың мұң-мұқтажын ескеріп,

арыз-шағымына дер кезінде жауап беру елдегі түбегейлі өзгерістердің өзегі саналады. Осы маңызды жұмысқа биліктің әр деңгейдегі өкілдері, соның ішінде министрлер, әкімдер, депутаттар белсенді түрде қатысуы керек. Бұл – мемлекеттік қызметшілердің конституциялық міндеті, – деді Мемлекет басшысы.

Президент атап өткендей, кейінгі жылдары мемлекетіміз аса ауқымды құқықтық және қоғамдық жаңғыру жолына түсті. Елімізде жаңа саяси мәдениет қалыптаса бастады.

– Біз өркениетті ел ретінде Заң мен тәртіп қағидатын ұлттық болмысы-

мыздың ажырамас бөлігіне айналдыруымыз керек. Барша азаматтарға, әсіресе, жастарға заңды құрметтеу, заңға бағыну қажет екенін қарапайым тілмен жан-жақты түсіндірген жөн. Заңды қалілеу, тәртіпті қолдау, бұл – әр адамның жарқын өміріне жол ашатын маңызды шарт.

Жалпыұлттық референдумда қабылданған жаңа Конституциямызда осы негізгі қағидат туралы анық жазылды. Қазақстанның Бас құжаты – барша азаматқа тең мүмкіндік беретін әділетті қоғамның мызғымас тұғыры. Адам және оның өмірі – еліміздің Ата Заңына арқау болған басты құндылық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Конституцияда азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасын жақсарту мемлекеттің басты міндеттері ретінде айқындалды. Бұл ретте Президент түптеп келгенде, жаңа тұрпатты ел

болу жолындағы әрбір реформа, ең алдымен, халықтың қалауымен, жұртшылықтың тікелей қолдауымен жасалатынын, мұның барлығы бір сәтте жүзеге аспайтынын жеткізді.

– Өздеріңізге мәлім, мен 2019 жылы әкімшілік әділеттің жаңа үлгісін қабылдау қажеттігі жөнінде айттым. Бұл азаматтарымызды және кәсіпкерлерді билік өкілдерінің заңсыз әрекеттерінен қорғау үшін жасалған аса маңызды қадам болды. Ал 2021 жылы елімізде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс күшіне енді.

Мемлекет пен қоғам арасындағы байланысқа тың серпін берген «e-Әтініш» онлайн платформасы іске қосылды, яғни, азаматтардың өтініштерін мейлінше ашық әрі тиімді қарап, жедел шешім қабылдау тәсілі қалыптасты. Бұлдан бөлек, бұл жүйе бюрократиялық кедергілерді азайтуға және жұртшылықтың ой-пікірін ескеруге мол мүмкіндік берді. Осылайша, халық

пен билік өкілдерінің қарым-қатынасы мүлде жаңа сипатқа ие болды. Соңғы бес жыл ішінде мемлекеттік органдарға шамамен 16 миллион өтініштің келіп түсуі – соның айқын көрінісі, – деді Мемлекет басшысы.

Президент сондай-ақ еліміздегі сот тәжірибесі үшін де бетбұрыс кезеңі басталғанын атап өтті. Ашығын айту керек, бұған дейін азаматтар үшін мемлекеттік органдардың шешімдеріне және әрекеттеріне шағымдану, яғни, өз құқығын қорғау оңай болмайтын. Әкімшілік әділет жүйесі іске қосылған соң жағдай түбегейлі өзгерді. Ең бастысы, күмән тудыратын мәселелердің бәрі әділетті түрде адал азаматтардың пайдасына шешілетін болды. Ал соттар дәлелдеме жинау жұмысына ерекше мән бере бастады. Бұл – мемлекеттік органдар өздерінің шешімдерін және әрекеттерін заң жүзінде дәлелдеуге міндетті деген сөз.

2-бет

ТӘУЕЛСІЗДІК БОЙТҰМАРЫ

Ту, Елтаңба, Әнұран. Олар – тәуелсіздіктің, ұлттық бірлік пен тұтастықтың символы. Осы құндылықтарды ұлықтау мақсатында Қызылорда қаласындағы Рәміздер аллеясында «Рәміздер рухы – Конституцияның күші» атты жалпыұлттық патриоттық акция өтті.

Мерекелік шараға зиялы қауым өкілдері, ардагерлер, жастар ұйымдарының мүшелері, мемлекеттік қызметшілер, әскери қызметкерлер және қала тұрғындары қатысты. Жиналған жұртшылықтың елге деген құрметі мен мақтанш сезімі салтанатты жиынның мазмұнын айшықтай түсті. Рәміздер аллеясына жиналған қауым ел тәуелсіздігінің басты нышандарына тағзым етіп, мемлекеттік құндылықтардың маңызын тағы бір мәрте ұғынды.



Акция «Мемлекеттік рәміздер – тәуелсіздік символы» атты тағалымды прологпен басталды. Салтанатты рәсімде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындалып, көк Ту көтерілді. Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев көпшілікті мерекенен құттықтап, мемлекеттік рәміздердің қоғамдағы орны мен мәніне кеңінен тоқталды.

– Мемлекеттік рәміздер – халқымыздың тарихи жады мен ұлттық болмысының айнасы. Туымыз, Елтаңбамыз және Әнұранымыз – тәуелсіз еліміздің ең қастерлі құндылықтары. Оларды құрметтеу – әр азаматтың қасиетті борышы әрі Отанға деген сүйіспеншіліктің көрінісі. Рәміздерге деген құрмет елдік сананы нығайтып, жас ұрпақтың бойында патриоттық рух қалыптастырады, – деді аймақ басшысы.

2-бет

АГРОКЕШЕН: ШАРУА ҚАМЫ ӨРКЕЗ МАҢЫЗДЫ

Кеше Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында көктемгі егін егу жұмыстарының қорытындысы мен агроөнеркәсіп кешенін дамыту мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма жүктеді.

– Кейінгі жылдары аймақта вегетациялық кезең күрделі су тапшылығы жағдайында өтуде. Мемлекет басшысының суды көп қажет ететін дақылдар көлемін оңтайландыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес, биыл күріш көлемі өткен жылмен салыстырғанда 10900 гектарға қысқарып, 70 мың гектарға

егілді. Қысқарған күріш алқаптарының орнына суды аз қажет ететін, өнімділігі жоғары дақылдар егу қолға алынды. Өсімдік шаруашылығын әртарапандыру және су үнемдеу технологияларын енгізу үшін алдағы үш жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылған. Оның 10 млрд теңгеге жуығы биыл бөлінді. Осыған байланысты 2028 жылға дейін егін алқаптарын әртарапандырудың Жол картасын әзірлеуді тапсырамын, – деді облыс әкімі.

Биыл облыста 185800 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары, оның ішінде 70 мың гектарға күріш егіліп, суға бастырылды. 10 мың гектарға жүгері, 9,7 мың гектарға басқа дәнді дақылдар себілген. Ылғал үнемдеу технологиялары енгізілген алқап көлемі 14200 гектарға жетті. Су шығынын азайту үшін 65 мың гектар күріш алқабы лазермен тегістелген.

Сондай-ақ мал шаруашылығы саласында да тұрақты өсім қалыптасып, өндірілген өнім көлемі артты. Қазір агроөнеркәсіп кешеніндегі жалпы өнімнің 30 пайыздан астамы мал шаруашылығының үлесіне тиеді. Ал жыл асынан бері өңірде 11,7 мың тонна ет, 13,4 мың тонна сүт өндірілген.

2-бет

/// САПАР

АЗАМАТ АБЫРОЙЫ АУЫЛЫНАН ТАНЫЛАДЫ

ҮШ АУЫЛ ЖӘНЕ АЛДАҒЫ МІНДЕТ

Ауыл – алтын бесік. Сол ауылдың бүгінгі бет-бейнесі, тыныс-тіршілігі көңілден шыға ма? Елдегі әрбір жетістік әсіресе инфрақұрылым игіліктерін атақоныс халқы да көруі тиіс. Бұл ретте атқарылып жатқан шаруа аз емес. Өйтсе де бір қайнауы кем қандай қарекет бар? Облыс әкімі Мұрат Ерғешбаевтың Сырдария, Жалағаш, аудандарына сапарында бірқатар мәселе талқыланып, ұсыныс-пікірлер сөз болды. Кездесулерге облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, ел ағалары Серік Дүйсенбаев, Өмірбек Шәменов, Сұлтанбек Тәуіпбаев қатысты. Алдымен Сырдария ауданының Аманкелді, Жетікөл, Айдарлы ауылдарында тұрғындармен және аудан активімен кездесу ұйымдастырылды. Онда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қорытындылары мен алдағы міндеттер талқыланды.



2-бет

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҮШТАҒАНЫ

– Статистикаға қарайтын болсақ, соңғы жылдары сот шешімдерінің жартысынан көбі азаматтар мен бизнестің мүддесіне сай шығарылған. Бұл да әкімшілік әділет жүйесінің нақты нәтижесі екені сөзсіз. Осылайша, қоғамымыз «судьялар әрдайым билік өкілдерін жақтайды» деген қасап пікірден арыла бастады. Әкімшілік істер бойынша сот тәжірибесі мемлекеттік аппарат жұмысының сапасын айқындайтын сынақ болды. Оның нәтижесі сотқа деген сенімнің арта түскенін көрсетті.

Әкімшілік әділет рөлі нығайып келеді. Кейбір азаматтар соттардың шешіміне наразылықтарын білдіріп, өз үміттері ақталмағандарын алға тартады. Бұл бұған дейін де болған, қазір де кездеседі. Мұндай шағымдардың көбі өкпе-ренішке немесе біржақты пікірге құрылады. Бірақ қандай жағдай болса да мұндай пікірлерді тексеріп, әділ шешім қабылдау керек. Сондықтан жаңа Конституцияда әкімшілік сот төрелігін сот ісін жүргізудің дербес нысаны ретінде бекітудің маңызы зор. Құн төртбінде сотқа шағымданудың қасап моделін сот ісін жүргізу тәуекелдерін стратегиялық басқаруға ауыстыру қарастырылып отыр. Үкімет қазірдің өзінде тиісті ережелерді әзірледі, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Мемлекет басшысының пайымынша, енді орталық және жергілікті деңгейде әкімшілік актілер мен рәсімдердің бірізділігін қамтамасыз ету қажет. Бұрын келіп түскен шағымдар мен өтініштерде қаралған мәселелер қайтадан соттағы дау-дамай нысанасы болмауы керек. Әкімшілік тәжірибенің жүйелілігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ету қажет. Жария құқықтық сипаттағы дау-дамайды әкімшілік сот төрелігі деңгейіне беру бойынша ауқымды жұмыс атқарылуға. Былтыр бұл қосымша құқықтық-нормативтік актілердің заңдылығын қарайтын істерді қамтыды. Бұған дейін мұндай дау-дамайға қатысты шешім азаматтық іс жүргізу нормаларына сәйкес қабылданып келген. Осының бәрі «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатының нақты іс жүзіндегі көрінісі екені күмәнсіз. Еліміз сот жүйесі және құқық қорғау саласындағы түбегейлі реформалармен қатар ауқымды экономикалық өзгерістерді жүзеге асыруда. Мұның мемлекетіміз үшін маңызы айрықша.

Іскерлік белсенділікті арттыру мақсатында, соның ішінде инвестициялық дауларды шешу үшін қолайлы құқықтық институционалды орта қалыптасуда. Соның арқасында сот шешімдерінің 80 пайызына жуығы инвесторлардың пайдасына шығарылып жатыр.

– Мен отандық және шетелдік инвесторлармен кездесулер кезінде үнемі мына мәселеге айрықша назар аударамын: билік және бизнес өкілдері өзара сындарлы байланыс орнатуы керек, олар өзекті түйткілдерді ашық талқылап, шешу жолдарын бірітпес отырып іздеуі қажет.

Билікте отырған лауазымды тұлғаларға тапсырмам: әр даулы жағдайда мәмілеге келетін жолды іздеу керек, бірақ бұл жол заңнама жүйесіне нұқсан келтірмеуі қажет. Басқа сөзбен айтқанда, әр келісімнің заңдық шектеуі болуға тиіс. Атап айту керек, қасиеттік соттарды құру бастамасы дәл осындай жиынның бірінде көтерілген болатын.

Инвестиция тартудың тағы бір маңызды факторы бар. Астана халықаралық қаржы орталығында Сот пен Арбитраж орталығы ағылшын құқығы қағида-дәстүріне сай жұмыс істейді. Елімізде Үкімет жаңынан Инвестициялық штаб құрылған. Аталған штаб соңғы уақытта инвестициялық жобаларға қатысты түйткілді мәселелерді жедел шешу арқылы өзінің тиімділігін көрсетті. Сонымен қатар Президент Жарлығымен Бас Прокуратурада Инвесторлардың құқықтарын қорғау комитеті құрылды. Біз іскерлік және инвестициялық ахуалды жақсартуға барынша мүдделі мемлекет ретінде осы саладағы жұмысты айрықша назарда ұстаймыз. Қазір Қазақстан шетел инвестициясын тарту көрсеткіші бойынша біздің аймақта көш бастап тұр, – деді Президент.

Мемлекет басшысы бұл орайда босануға болмайтын еске салды. Табанды жұмыс істеп, бұдан да биік белестерге ұмтылу керек. Бұған еліміздің әлеуеті толық жетеді. Атап айтқанда, жаңа Конституцияға мемлекетіміздің инвестициялық қуатын күшейтуге арналған нақты нормалар қосылды. Соның ішінде қаржы саласына және «қарқынды дамитын қалаларға» арнаулы құқықтық режим енгізу туралы шешім қабылданды.

– Баршаңызға мәлім, мен жақында «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» конституциялық заңға қол қойдым. Бұл маңызды құжатта «ақылды қалаға» тән дербес экожүйе қалыптастырудың құқықтық негізі бекітілді.

Арнайы құқықтық режим мемлекеттік басқару мүмкіндіктерін кеңейтуді, соның ішінде сот жүйесінің ерекше жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Алдыңғы қатарлы реттеу құралдары үздік әлемдік тәжірибені енгізуге, озық инновациялық шешімдерді сынақтан өткізуге және осы бірегей жобаны жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайды жасауға мүмкіндік береді. Біздің басты мақсатымыз – Алатау қаласын болашақтың цифрлық агломерациясына, жаңа технологияларды тарту орталығына айналдыру. Мемлекет бизнес өкілдерімен ашық, өзара тиімді ынтымақтастыққа дайын.

Біз Заң мен тәртіпке бағынатын, баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру үшін ауқымды жұмыс атқарып жатырмыз. Сондықтан сот жүйесінің тәуелсіздігін қамтамасыз етуге баса мән беріп отырмыз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бірінші шілдеде еліміздің жаңа Конституциясы күшіне енетінін, осылайша, Қазақстан өз дамуының шешуші кезеңіне қадам басытынын атап өтті.

– Мен бұған бес конституциялық заңға қол қойдым. Бұл – жаңа Конституцияға сәйкес мемлекеттік басқару жүйесі «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы негізінде түбегейлі жаңғырады деген сөз. Осы құқықтық реформалар елімізде жасалып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге де тын серпін бермек.

Сөз соңында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті әзірлеуге және оның нормаларын жүзеге асыруға атсалысқан барша азаматқа шынайы ризашылығымды білдіремін. Бүгінгі басқосуда әкімшілік әділет институтын нығайтуға қатысты маңызды ойлар мен ұғымды ұсынғандар айтылды деп сенемін. Сондай-ақ мен бүгін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына және еліміздің заңнамасын жетілдіруге елеулі үлес қосқан бір топ азаматқа мемлекеттік награда беру туралы шешім қабылдадым. Баршаңызға құтты болсын деймін, – деді Президент сөз түйінде.

Қ.ӘБШ

АЗАМАТ АБЫРОЙЫ АУЫЛЫНАН ТАНЫЛАДЫ



Жақында ауданда ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеретін ауқымды инвестициялық жоба – жүгері дақылын терең өңдеу зауытының алғашқы кезеңі іске қосылды. Алда бұдан да басқа жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, салық базасын ұлғайту міндеті тұр.

Аймақ басшысы шаруашылық каналдарын бетондау жобасын жедел әзірлеуді, суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайтуды тапсырды. Құрылыс саласын бақылаудағы кейбір мәселелерге тоқталып, болашақта салынатын нысандарды бастан-аяқ қатаң бақылауды жауапты мамандарға жүктелді.

Бүгінде Сырдария ауданын газдандыру деңгейі 67 пайыз, Шіркейлі және Қоғалықол ауылдарына табиғи газ жеткізуге қаржы бөлінді. Бұл жұмыс мерзімінде әрі сапалы атқарылып тиіс. Бесарық ауылын газдандыру жобасы дайын. Ендігі кезекте демеушілерді тарта отырып, қалған ауылдардың жобасы әзірленуі керек.

Кездесуде электр желілеріндегі апаттың алдын алу, жедел шара қабылдау, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасын іске асыруға қатысты тапсырмалар берілді.

Сырдария ауданында 2024 жылы пайдалануға берілген полигонда қалдықты қабылдау, сұрпыту және залалсыздандыру процесіне талапқа сәйкес болуы тиіс. Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіп назардан тыс қалмауы қажет. Биылғы төрт айда аудан экономикасында оң өсім қалыптасты. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 38 млрд теңгеден асып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай артты. Оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім көлемі 4,6 млрд теңге, ауыл, орман және балық шаруашылығы саласында өндірілген жалпы өнім көлемі 2,2 млрд теңгеге жетіп, өсім көрсетті. Негізгі капиталға тартылған 1-бет

инвестиция көлемі 21,3 млрд теңге, жыл басынан бері 6732 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді.

Шағын және орта кәсіпкерлік саласы да тұрақты дамып келеді, ауданда 2368 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, оның 98,3 пайызы белсенді жұмыс істейді. Кездесуде ақсақалдар ұсынғып-пікірлерін білдіріп, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелерді көтерді. Облыс әкімі барлық ұсыныс назарға алынатынын және көтерілген мәселелер кезеңімен шешілетінін атап өтті.

БАСТЫ ТАЛАП – САПА МЕН МЕРЗІМ

Облыс әкімінің Сырдария ауданына жұмыс сапары кезінде жаңадан салынып жатқан теміржол вокзалы мен «Қызылорда-Жалағаш» трассасының Терезек кенті тұсындағы көпір құрылысы назарға ұсынылды.

Вокзал құрылысына тапсырыс беруші – «КТЖ» ҰҚ» АҚ «Қызылорда магистральдік желі бөлімшесі» филиалы, бас мердігер – «Р и А-Сервис ЛТД» серіктестігі, жалпы жобалық құны 695 млн теңге.

Бүгінде перрондағы брусчатқалар демонтаждалып, төменгі іргетасы калдықты қабылдау, плита жабындылары орнатылып, ғимараттың ішкі бөліктеріне кіріш қаланды. Кабырғаларын әрлеу, қатты травертинмен қаптау және перронды жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс біткеннен кейін Терезек тұрғындарына, жол-аушыларға қолайлы, жаңа теміржол вокзалы қызмет көрсетеді.

«Қызылорда-Жалағаш» облыстық маңызы бар жолдың 47,9 шақырымындағы көпірді күрделі жөндеу арқылы көлік қозғалысының қауіпсіздігін және жол инфрақұрылымының сапасын жақсарту көзделген.

1985 жылы салынған көпір толық жаңғыртылады, конструкцияларын

күшейту, кірме жолдарды ретке келтіру және көлік қозғалысына қолайлы жағдай жасау жоспарланған. Көпір ұзындығы 30,43 метр, ал кірме жолдар 710 метр, құрылыс кезінде көлік қозғалысына кедергі келтірмес үшін 788 метр айналма жол салынған. Қазір қада қағылып біткен, бетон құю, құм-киршықтас қоспасын төсеу және нығыздау жұмыстары жүргізілуде. Айналма жол бойына белгілер орнатылған.

Аймақ басшысы мердігер мекемелерге көпірді сапалы етіп салып, белгіленген мерзімде аяқтауды ескертті. Аталған жобалар өңірдегі көлік инфрақұрылымын дамытуға серпін беріп, қауіпсіз әрі қолайлы жол қатынасына жағдай жасайды.

КӨРСЕТКІШ ЖАРҚЫ, ШИРАТАТЫН ШАРУА ДА АЗ ЕМЕС

Жалағаш ауданында облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев М.Шаменов, Қаракеткен, Аққұм ауылдарының тұрғындарымен және аудан активімен кездесті. Кездесулерде ел ағаларымен бірге Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев болды.

Қаракеткен ауылында іске қосылған «Харвест Агро» агроиндустриалды кластерінің алғашқы кезеңі – аудан экономикасына айрықша серпін беретін жоба.

Аймақ басшысы аудан әкіміне қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануды, инвестицияның басқа да көздерін іздестіруді, салық базасын ұлғайтуды тапсырды. Шаруашылық құрылымдарымен бірге каналдарды бетондау жобаларын әзірлеу, оларды тез арада қаржыландыруға ұсыну, суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайту да назардан тыс қалмауы тиіс.

Кейінгі төрт жылда Жалағаш ауданында 192 пәтер салынған. Салаға жетекшілік жасайтын аудан

әкімінің орынбасары, құрылыс бөлімінің басшысы әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлердің сапасын қатаң бақылауы керек.

Жалағаш ауданында газдандыру деңгейі 53 пайыз, Қаракеткен және Бұқарбай батыр ауылдарына газ тарту жобасы әзірленген, Аққұм және Мәдениет бағытындағы ауылдарға жоба дайындауға демеушілер тарту тапсырылды.

Мәжілісте электр желілеріндегі апатты болдырмаудың жедел шараларын қабылдау, тұрмыстық қатты қалдықтарды тиімді басқару мәселелері де талқыланып, тиісті тапсырма берілді.

Аймақ басшысы «Руханият орталығында» ауданның белсенді жастарымен кездесіп, олардың тың жобалары таныстырылды.

Жалағаш ауданында өнеркәсіп өнімдерін өндіру көлемі 120 пайызға орындалып, 12 млрд 269 млн теңгенің өнімі өндірілген. Ал инвестиция көлемі 8 млрд 290 млн теңге болып, есепті кезеңмен салыстырғанда 122,7 пайызға жетті. Ауыл шаруашылығы саласында да өсім байқалады. Нақтырақ айтсақ, биыл жалағаштық шаруалар 42178 гектарға егін еккен, оның 16800 гектары күрші.

Ауданда 2531 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның 97,3 пайызы тұрақты жұмыс істейді.

ЖАҢА ВОКЗАЛ СӘУЛЕТІ

Жалағашта да теміржол вокзалы жаңадан салынып жатыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен еліміздегі 124 вокзал жаңғыртылуда. Осы қатарға былтыр Нұрлыбек Машбекұлы аудан орталығындағы және Төретам, Серсеуілі станцияларындағы, яғни аймақтағы барлық вокзалдарды, Жаңақорған ауданындағы Талап бекетінің платформасын енгізген болатын.

Құрылысы өткен жылы басталған Жалағаш вокзалына 755,7 млн теңге бөлінген. Жобаның бас мердігері «Р и А Сервис ЛТД» ЖШС құрылыс-монтаждау жұмыстарын қарқынды жүргізуде. Атап айтқанда, жолаушылар алаңына төсеніш тас төсеу және ғимараттың шатырын жабу толық аяқталған. Қазір нысанның ішкі кабырғаларын әрлеу, сыртқы қасбетін қаптау және аумақты абаттандыру жұмыстары қолға алынған.

Жаңа теміржол вокзалы аудан тұрғындары мен жолаушыларға сапалы қызмет көрсететін, аймақтың көлік инфрақұрылымын дамытуға оң ықпал ететін нысан болмақ. Сондай-ақ заманауи талаптарға сай салынатын жатқан вокзал Жалағаштың сәулеттік келбетін айшықтайтын көрікті ғимараттардың біріне айналады. Осы ретте аймақ басшысы жауапты сала басшылары мен мердігер мекеме өкілдеріне құрылыс сапасына ерекше назар аударуды, нысанды белгіленген мерзімде пайдалануға беруді тапсырды.

«СБ» ақпарат

АГРОКЕШЕН: ШАРУА ҚАМЫ ӘРКЕЗ МАҢЫЗДЫ

– Бүгінгі жиында шаруашылықтарды әртарап-тандыру жайы айтылды. Біз өз тарапымыздан осы мәселеге қатысты бірқатар жобаны қолға алдық. Әсіресе, мал шаруашылығы, құс өсіру кәсібін кеңітіп жатырмыз. Бұған Үкімет қолдауы жеткілікті. Алдағы уақытта мал күс етін дайындап, жергілікті сауда сөрелерінен бөлек, өзге өңірлерге де жібереміз, – дейді «Абай-Дәулет» ЖШС директоры Мұрат Сәрсенбаев.

Белгілі болғандай, қазір республикада «Игілік», 1-бет

«Береке» және «Жайлау» мемлекеттік бағдарламалары іске қосылған.

– Алғашқы екі бағдарлама шетелден асылтұқымды мал әкелуге бағытталған. 100-ден 1000 басқа дейін 6 пайыз мөлшерімен несиесі қарастырылып отыр. Ал «Жайлау» бағдарламасы алыс елді мекендерде мал өсірумен айналысатын шаруаларды қолдауға, яғни фермерлердің инфрақұрылымына қажет қаржыны төмен пайызбен қарастырады. Құдық қазу, бақташы баспанасы, электр желісін тарту сынды жұмыстар осы бағдарламаға кіреді, – дейді облыстық ауыл шаруашылығы және

жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Дәулетбек Абдураулов.

Қазір аймақта 800-ден астам мал бағытындағы шаруашылық бар. Жақын уақытта 30 шақты жоқалық «Жайлау» бағдарламасымен қатар дайындап, қажетті орынға ұсынбақ. Аталған бағдарламамен тек инфрақұрылым қаржысын ғана емес, жергілікті мал тұқымын да жеңілдікпен алуға болады.

Ержан ҚОЖАС, «Сыр бойы»

ДӘУІРЛЕРДІ ЖАЛҒАҒАН ДӘСТҮРЛІ ӨНЕР

Кеше облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық консерваториясының құрметті профессоры, белгілі жырау, фольклортанушы ғалым Алмасбек Алматыев кездесті. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Кездесуде Сыр өңірінде атадан балаға мұра болып қалған жыраулық, жырышылық өнердің дамуы, жастарды ұлттық өнерге баулу жайы әңгіме өзегіне айналды.

Аймақ басшысы қазақтың дәстүрлі өнерінің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан қайраткердің ұлттық мұрамызды ғылыми тұрғыдан зерттеп, қосиби білім беру жүйесінде енгізіп, шәкірт тәрбиелеген еңбегін ерекше атап өтті.

Тәуелсіздік жылдарында жыраулық өнер академиялық білім беру жүйесіне енгізіліп, «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы ашылды. Алмасбек Алматыев тәрбиеленген шәкірттер Сыр өңіріндегі мақам-саз ерекшеліктеріне негізделген мектептерді бүкіл елімізге танытты.

Мемлекет басшысы Қызылордада өткен Ұлттық құрылтайдың қорытынды отырысында: «Жалпы, «Сыр елі – жыр елі» деп бекер айтылмайды. Қорқыт ата заманынан жалғасып келе жатқан жыраулық-жыршылық және күйшілік өнер бұл аймақта кең қанат жайған. Жиенбай, Нұртуған, Нартай сынды сандақтар негізін қалаған жыршылық мектептерді бүкіл еліміз біледі» деп атап өткені белгілі.

Ғалым ұстаз қазақтың дәстүрлі өнерін әлем жұртшылығына насихаттауда да жемісті еңбек етті. АҚШ,

Франция, Италия, Швейцария, Ұлыбритания, Египет, Моңғолия және басқа да мемлекеттерде өнер көрсетіп, ұлттық мәдениетіміздің халықаралық деңгейде танылуына үлес қосты.

Бүгінде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында, Қазақ ұлттық өнер университетінде және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде кәсіби жырыш-жыраулар даярланып келеді. Олар халықаралық және республикалық байқаулардың жеңімпаздары атанған.

Айта кетейік, өткен жылы «Өнер орталығында» Алмасбек Алматыевтың 70 жылдық мерейтойына арналған «Жыр керуен» шығармашылық кеші өтті. Кеште Нұрлыбек Машбекұлы жырауға Сыр жұртшылығы атынан құрмет көрсетіп, Қызылорда облысының Құрмет грамотасы мен автокөлік кілтін табыстады.

Анкара музыка және көркем өнер университеті «Дәстүрлі өнер» мамандығының докторанты Малика Алдамжароваға, К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Дәстүрлі музыкалық өнер: Дәстүрлі жыр» білім беру бағдарламасының докторанты Күнсүлу Түрікпен мен Акерке Дәбыловаға айына 300 мың теңге стипендия тағайындалды.

ТӘУЕЛСІЗДІК БОЙТҰМАРЫ

Шара барысында көрермендер назарына патриоттық әндер мен әдеби-музыкалық композициялар ұсынылды. Жергілікті өнерпаздардың орындауындағы отансүйіштік рухтағы шығармалар көпшіліктің ыстық ықыласына бөленіп, мерекелік көңіл күйді еселей түсті. Сондай-ақ ұлттық құндылықтарды дәріптейтін көркем қойылымдар мен шығармашылық нөмірлер көрермендердің ерекше ықыласына ие болды.

Салтанатты мереке мұнымен шектелмей, «Достық үйінде» жалғасын тапты. Мұнда өңірдің қоғамдық-саяси өміріне белсенді араласып, ел дамуына елеулі үлес қосып жүрген азаматтарды ұлықтауға арналған салтанатты жиын өтті. Аймақ басшысы олардың Әділетті, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды қалыптастыру жолындағы еңбегін жоғары бағалап, қоғам игілігі үшін атқарып жүрген қызметтеріне алғысын білдірді. Сондай-ақ мемлекет пен қоғамның дамуы әрбір азаматтың адал еңбегі мен жауапкершілігіне тікелей байланысты екенін атап өтті.

Мәдениет қайраткері Шәкізата Әбдікәрімов сөз сөйлеп, Мемлекеттік рәміздердің ел бірлігі мен тәуелсіздігін басты нышаны екенін атап өтті. Ол көк Ту, Елтаңба мен Әнұранның әрбір қазақстандықтың жүрегінен орын алған қастерлі құндылықтар екенін айтып, жастарды Отанға адал қызмет етуге, ұлттық құндылықтарды құрметтеп, ел болашағына жауапкершілікпен қарауға шақырды.

Шара аясында бірқатар азаматқа мемлекеттік және ведомстволық наградалар табысталды. Президент Жарлығымен жерлестеріміз «Құрмет» орденімен, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін» және «Шапағат» медальдарымен марапатталды. Бұл марапаттар ел игілігі жолында аянбай еңбек етіп, өз саласында табысты нәтижелерге қол жеткізген азаматтардың қажырлы қызметіне көрсетілген жоғары құрметтің белгісі болды.

Осылайша, Мемлекеттік рәміздер күніне арналған салтанатты шаралар Сыр өңірінде елдік құндылықтарды ұлықтап, ұлттық рухты асқақтандыру жәрқын үлгісіне айналды. Көк байраққа деген құрмет, Елтаңбаға деген тағзым және Әнұранға деген ілтипат жұртшылықтың жүрегіңдегі отансүйіштік сезімді одан әрі нығайта түсті. Тәуелсіздіктің басты нышандарын дәріптеуге арналған тағлымды басқосу ел бірлігі мен қоғамдық келісімнің маңызын айқындап, жас ұрпақтың бойына мемлекетшілдік қасиет пен туған елге деген сүйіспеншілікті сіңіруге бағытталған маңызды мерекелік шара ретінде есте қалады.

Бағлан АМАНЖОЛ, «Сыр бойы»

/// СЫР-СҰХБАТ

Сыр елінің өлеуметтік-экономикалық өрлеуіне өзіндік қолтаңбасын қосқан тұлға, Қызылорда облысының құрметті азаматы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қорғанбек Қайруллаевпен әңгіме.



ТЕКТИҢ ҮЗІЛМЕС ТІНІ

– Қорғанбек аға, Сыр елінің осы, даму жолында сіздің ізгілік ізіңіз жатыр. Бір азаматқа жүк боларлық қызметтер атқардыңыз. Біз тұлғалармен сұхбаттассақ осылай деп қызметіне қарай ойысымыз да шыққан тегіне қарай шықпаймыз.

Өнеге мен зираттың сұмырдария құрлығы – аталар арнасынан басталатынын ұмыт қалдыра береміз.

Әңгіме тінін әріден тартайықшы.
– Біздің арғы аталарымыз – 1792-1872 жылдары өмір сүрген тарихқа танымал тұлға Торғай Қуатбайұлы.

Торғайдан Шоқай, Қалымбет, Әліш және Оспан атты төрт ұл туады. Шоқайдан алты Алаштың ардағы, түрік халықтары көсемдерінің бірі Мұстафа Шоқай өмірге келген.

Ташкент гимназиясын да, Санкт-Петербург университетінің заң факультетін де алтын медальмен бітірген Мұстафа Шоқай – қазақтың қоғамдық және саяси қайраткері, біртұтас Түркістанның еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін күрес жүргізген тұлға.

Мұстафа Шоқай нағыз полиглот болған, қазақ тілінен бөлек орыс, неміс, ағылшын, француз, түрік, өзбек тілдерін жақсы меңгеріп, еркін сөйлеген.

Мұстафаның сауаттылығын, азаматтық биік болмысын ұнатқан атақты опера әншісі, Петербург аристократының бесінші ұрпағы Мария Яковлевна Горина Шоқай үшін отбасын және мансабын тастап кеткен. Осылайша, Мұстафа Мариямен үйленді. Мұстафаның өзін ғана емес, идеясын, ұлтын, дінін құрметтеген Мария мұсылмандықты қабылдаған.

Торғайдың тұқымынан осындай мықтылар өрбіді. Әліш атты баласы патша үкіметіне хат жазып, ауылдан төрт кластық бастауыш мектеп салдырған. Ауыл балаларының сауатын ашуда бұл мектептің маңызы зор болған. Мұстафа да алғаш сауатын осы Әліш мектебінде ашқан.

Торғайдың жалғыз қызынан туған Айша Меңлібаева кезінде Социалистік Еңбек Ері атанып, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды.

Торғайдан бері айта берсек талай жерге барамыз.

Менің атам Қосеке деген кісі болған. Қосекеден 1912 жылы Қайрулла өмірге келген.

Әкем соғысқа бармаған. Ол кісі – ең алғашқылардың қатарында механизаторлық оқып, трактор руліне отырған адам.

1932 жылы Сырдария МТС-і ұйымдастырылып, осы төңіректің колхоздар мен дарианың арғы бетіндегі Құмшығанақ, Айдарлы, Ақарық, Қызылту колхоздарын қамтыған. Ол кезде жанар-жағармайды өгіз арбамен таситын. Техника түрлері қырық аяқ ХТЗ, НАТИ деген тракторлар, сосын астық басатын «Молотилка» болған. Көбелектің атын немендеген осы техника бір орында тұрады, астықты оған қолорақпен орып, көтеріп әкеліп салады.

Соғыс уақытында Сұлутөбеді механизация мектебі, өндіріс комбинаты, итсигек дайындайтын, астық қабылдайтын пункттер жұмыс істеген.

Колхозда, тіпті осы өңірде ең бірінші комбайншы болған менің әкем. Соғыстан кейін колхозға «Коммунар», «Сталинизм-6» деген комбайндар келді. Өзі жүрмейді, трактормен сүйрейді, ол астықты орып әрі дәні мен сабағын айырады.

Әкем сол үш кластық біліммен колхоздың механигі, бас инженері болған.

Әкемінің қарамағында Жакыпбек Маханбетов те трактор айдаған. Мінезді кісі болыпты. Шаршаған кезде сол жерде тракторды тоқтатып, астына жатып алады екен. Оның қырсықтығын білетін бастықтар да оған тұр дей алмайтын көрінеді. Сол бір қайтпайтын қайсарлығы болар, Жакыпбек Отан соғысында Кеңес Одағының батыры атағын алды.

Мен 1943 жылдың қазан айының 25-нде дүниеге келгенмін. Бір жасымда шешем қайтыс болғасын, мені әкем өзінің апасы Әнипаның қолына берген. Ес білгені сол апамның үйінде болдым.

Әнипа апаның үйі Тартоғайда, дәл стансада емес, «Белторанғыл» деген жерде. Апамның үйінде жүріп, жерден таёқ жеген жетіге келдім. Әкем мені жеті жасан асқанында өз үйіме алып кетті. 1951 жылы «1-Май» колхозындағы №40 Орджоникидзе атындағы орта мектепке бардым. Сұлутөбеді стансасында да орта мектеп бар, бірақ ол жақтың онжылдығы орысша, қазақшасы – жетіжылдық. Сол себепті Майлытоғай, Айдарлы, Жетіқол, Бірлестік секілді жақын орналасқан ауылдардың ересек балалары «1-Майға» келіп оқиды. Біздің ауылда интернет болды.

Ауылда екі жыл оқып, 3-кластың бірінші тоқсанында Майлытоғайдағы мектепке ауыстым. Қазіргі Майлытоғайда ол кезде «КИМ» колхозы дейді. Өйткені, әкем – осы аймақтағы жалғыз комбайнды жүргізетін жалғыз комбайншы. Әкем қай колхоздың егінін оратын болса, біз үйімізбен сол жаққа көшіп барамыз.

Егін-терім жиналып, комбайндар МТС-ке алып келгенде, 3-кластың қалғанын Сұлутөбедегі Ломоносов атындағы мектепте оқыдым.

Төртінші кластан бастап алтыншыға дейін

тағы да Тартоғайға, тағы да Әнипа апамның қолына бардым.

Мектепте орыс тілінен және ән-күйден сабақ беретін Клара Сергеевна Лебедева деген апай болды. Ағайынды алтауды араз қылғандай сұлу жан еді.

Бесінші оқып жүрген кезімдегі Клара апайға қатысты мынадай бір оқиға есіме түседі. Ол кісі Андрей Петренко деген адамға тұрмысқа шықты. Періштедей болып жүрген Клараның күйеуге тигені маған ерсі көрінді, мұғалімдік дәрежесі төмендеп қалған сияқты сезілді. Баламын ғой, солай ойлағаным рас. Өзім жастығымның астына тығып жүріп өлең жазатыным. Анасынан бір жасында айрылған бала өлең жазбай қайтсін. Сол жазғандарым өзіме көдімгідей кестелі еді, бірақ ешкімге көрсетпейтінмін.

Содан апайға арнап өлең жаздым. Мазмұны әлгі айтқанымдай. Шамасы, астарында сарказм бар, яғни ауыр мысқыл анық байқалатындай. Балалар қолдан қолға өткізіп, бір парақ қағаздағы өлеңді оқып, шықшылық-шықшылық күлесті. Орыс тілі сабағы өтейін деп жатқан, класқа кірген апай балалардың қолынан қолына көшкен бір парақ қағазды алып қойды. Бұлардың бәрі неге күліп жатыр деген танданыспен үніліп қаралды. Қағаздағы өлең сөздеріне түсінбегені анық, бірақ өзінің «Клара» деген атын оқыды. Содан бірден директордың кабинетіне қарай жүгірді.

«Енді мұндайды қайталайсың ба?», – деп директор жемінімен сілкіледі. Әбдікәрім Аманқұлов деген ағай зәулеп еді. «Сен енді мұғалімді мазақтауға шықтың ба?!», – деп ол

зерделі ұлт қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл шаралар аясында зерделі ұрпақ қалыптастыру мәселелері нақты қаралған.

Өмірдің өзі – мектеп, зерделі адам өмір сабағын оқиды. Біздің аталарымыз өмір академиясынан дәріс алған асылдар еді.

Қалта телефонының қызығына үңілген баланың көз жанары нашарлайды, миы шаршайды, ұйқысы қашады, туыс, дос қарым-қатынасынан тыс қалады. Ал кітап оқыған баланың көз алмасы еркін демалып, миы толығады, рахаттанып ұйықтайды, араласу аудиториясы кені түседі. Осыдан-ақ кітап оқудың қандай пайдалы екенін түсінуге болады.

– Кітап оқымаған бала патриот та болмайды деп қоссақ, дұрыс бола ма?

– Дұрыс болады. Ата-бабасының ерлігін білмеген, олардың бір қарсы жері үшін қасық қанын төккен қаһармандығын оқымаған бала қалай отанын болсын. Тіпті, олар Отан қорғауға да құлшынысты емес. Әскерден қашып жүргендер көп.

Қазіргі балдардың неге әскерге барғысы келмейтінін түсінбеймін. Иә, кейбір ата-аналар солдаттың тамағы нашар, тәртібі қатал дейді. Әскер демалыс орны емес, ол – босбелбеу баланы ер азамат қылып қалыптастыратын мектеп.

Мен әскери борышымды үш жыл, үш ай атқардым. Қазіргі әскер мерзімі қанша, өзі? Алты айлық әскер бола ма?

Бұрын әскерге бармау ұят еді, біздің замандастарымыздың бәрінің де бойын намыс



Суреттерді түсірген Нұржауыбай

шапалақпен тартып жіберді. Бетім ду-у ете қалды. Бұл мен үшін қатаң жаза еді.

Ө дегеннен-ақ марапат емес, шапалақ жегізген өлеңді жек көріп кеттім. Бұрынғы жазғандарымды да жұрттып-жұрттып тастадым. Қазір күлмеймін: «Ай, Клара апай, қазақ поэзиясының белгілі бір тұлғасын қыршынынан қидың-ау» деп. Әрине, бұл өткен күндерге деген сағынышым, бірақ ақын бола жаздағаным шын.

Кейін «1-Майдың» мектебіне қайтып келдім. Біз мектеп бітіретін жылы газеттерде мектеп бітірушілер кәсіби мамандықтар иеленіп, ауыл шарушылығында жұмыс істеу керек деген бағамға көтерілген.

Дәл осыған орай Сұлутөбеді УМСХ деген орталау оқу орны ашылған еді. Бұл тарқатып айтқанда «училище механизации сельского хозяйства» деген сөз. Осы училищенің бірінші директоры Жакып Әбдіхалықов деген кісі болды. Ол – көп жыл М.Мөметова атындағы педучилищені басқарған Әлима Әбдіхалықованың әкесі.

Комсомол жынында бізге Надежда Лушникова үгіт айтып, сөз сөйледі. Елімізді көркейту үшін жастар механизаторлыққа мамандану керек деген мазмұнда сөйледі. Сол кезде Надежда аудандық комсомол комитетінің хатшысы екен.

Сөйтіп жүріп, мектепті де бітірдік.

– Қорғанбек аға, жеке кітапханаңыз бай екен. Ертеңдегі қытай ақыны Ду-Фу, ежелгі грек философы Эпикурдан бастап, әлемдік әдебиеттің көптеген өкілін кітап сөрөңізден көріп тұрмын. Баспадан 1966 жылы шыққан «Айттыстардың» үш томдығы да тұр.

– Біз – кітапқұмар ұрпақпыз. Бұл кітаптарды сәндік үшін жиган жоқпын. Көбін оқыдық, көбін көзбен шолдық, адамға керектің бәрі кітапта ғой. Кейде ақынның өлеңдерінен мысал келтіріп жіберетініміз сол кітап оқығандығымыздан.

Қазіргі кезде жасыратыны жоқ, жастардың көбі кітап оқудан қол үзіп қалды. Интернет, жасанды интеллект игіліктерін пайдалану әріне, прогресс, оның пайдасыз жақтарына бас ұрып кету дерті ушығып тұр. Сондықтан бүгінде ұрпақты кітап оқуға қайта алып келу мәселесі мемлекеттің деңгейіне қолға алынып отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жақында «Кітап оқу мәдениетін дамыту және

көрнеп тұратын. Рас, ол кезде де бірлі-жарым әскерге бармағандар болды, олар өзі қатарлы жастар бас қосқанда шеттеп тұратын.

– Қорғанбек аға, 1996 жылдан бастап тоғыз жылдан аса облыстық төтенше жағдайлар басқармасының басшысы болдыңыз. Сол кездердегі бір оқиғаларды еске түсіріңізші.

– Бұл нағыз әскери тәртіптің жұмысы болды. Күндіз-түні тыным таппадық. Сол жылдары дария тасуы жиі орын алды. Қаланы су басып қала жаздады. Өзүірімімен алып қалдық, талай қиын күндер өтті, бастан. Соның ең күрделісі – адам шығынымен аяқталған «Көкарал» бөгітіндегі оқиға.

Аралда Қаратерек деген жер бар. Теңіздің жінішкерген тұсы. Сол жерден «Қызылордаводстрой» тресі «Көкарал» бөгітін салды. Осы бөгіт Шаухаманов облыс басшысы болып тұрғанда алғаш рет салынған. Мақсат – Кіші Аралды сақтау, су тұрса балықшыға жұмыс бар, елге күнкөріс бар деген сөз. Әуелі бітеп тастағысы келді. Су жайылып, алқап суланады деді. Сол кезде Қызылордаға іссапармен келген Қазақ КСР Мелиорация және су шаруашылығы министрі Нариман Қыпшақбаев та бөгіт басында болды.

Мен сонда министрге олай болмайды, су легі бөгетті бұзып кетеді дегенмін. Ол кісі мынау кім дегендей маған бір, Шаухамановқа бір қарады да қойды. Шынында мен айтқандай, сол бөгіт бұзылып кетті. Сөйтіп, ол жерге үш рет қосымша шлюз салды.

Морозов басқаратын «Қызылордаводстрой» бөгіт жұмысын жүргізіп жатқан бір күні гидрометеорологиялық орталық қатты дауыл болатыны туралы алдын ала ескертті. Мен – ТЖ басшысымын. Морозовпен бірге бөгіт басына бардық. Вахталық әдіспен істейтін механизаторлар, шопырлар, жұмысшылар бөгіт басында. Олардың қосы төменгі жақта орналасқан.

– Дауыл соқса қума толқын қуаты зораяды. Бөгетті бұзып, жұмысшылар қосы су астында қалады. Оларды көшіру керек дедім. Бұл әрине, оңай жұмыс емес, эвакуациялау. Соны қиынсынды ма, Морозов?

– Ештеңе де болмайды, – деді көзімен жоғары-төменді шолып. Оқыған инженер айтып тұрғасын не деймін.

Ертеңіне «Көкарал» кетті деген суыт хабар келді. Дәреу тікұшаққа мініп, әуелеп жеттік.

Вахталық поселканы су шайып кетіпті. Орнында ештеңе жоқ. Бөгіт теңізасты құмынан жасалған. Ол құм қолмен ұстағанда бірікпейді, бархан құм емес. Сондықтан ол бөгетке мықты материал бола алмайды. Міне, нәтижесі, мен мұны да айтқаным.

Дауыл соғып, бөгіт жығылғанда вахтада 29 адам болған. Облыс әкімі, аудан әкімі келді. Төбе басында шұғыл жиын өтті. Ақырында тікұшақпен адам іздеуге шықтық.

Мен Морозовты тікұшақтан түсіріп кеттім, орнына Асфендияров деген өзімнің бір мойорым және қаратерендік екі қарулы жігітті мінгіздім.

Су теңізбен астасқан. Қиыры көрінбейді. Тасқын су техникаларды итеріп, бірнеше шақырымға алып кеткен. Олар тіпті су қоршауынан машиналармен қашып шыға алмаған. Тікұшақпен зымпырап келе жатырмыз, тұмсығы жерге қарап еңкейіп келеді. Құйылып аң ілетін бүркіт сияқты. Бір кезде машиналардың үстінде тұрып қол бұлғаған адамдар көрінді. Бәрі КамАЗ-дардың, К-700 тракторлардың үстіне шығып алған. Күн желкем, су үсті суық әрине, көктемнің кезі ғой.

Ұшқышқа тікұшақты барынша төмендеттім. Арқан тастап тартып ала алмайтын түріміз бар. Шайқалақтатып жел алып кетеді. Бұл тікұшақ адам құтқаруға арналмаған, механикалық құралдары жоқ. Не болса да адамдарға барынша жақындап, қолдарынан тартып шығаруға мәжбүрміз. Тікұшақ суға жақындағанда астымыздағы су шаң сияқты көтеріліп, түк көрінбей кетті. Мен ұшқышқа әлі де төмендет деп бұйрық бердім. Ол болса мұнан төмендей алмаймын, сотталамын ғой деді. Иә, оның ойлағанындай әртүрлі жағдай болуы мүмкін. Тікұшақ соқтығып құлауы мүмкін, адам шығыны болуы мүмкін. Бірақ бұл ойланып жататын кез емес. «Сотталсаң түрмеге өзім тамақ апарып тұрамын!» деп айқайладым, ұшқышқа. Сол сәтте ол да тәуекелге барды. Бір кезде тікұшақтың дөңгелегі судағы КамАЗ-дың бір жақ бұрышына жанасып тіліп кетті. «Үрс-с!» еткен дыбыс шықты. Бірақ ұшқыштың шеберлігімен тез түзелді. Ештеңе ойлап үлгерген жоқпыз. «Құладық-ау, кеттік-ау» деп қорқып жатқанымыз жоқ. Жанталасып адамдарды құтқаруға кірістік. Біртіндеп қолдарынан тартып, тікұшаққа мінгізіп жатырмыз. Сөйтіп, бөгеттен он бір шақырым жерге дейін қаусыра қуалаған судан қашып барып, ақырында судың бетінде қалқып қалған 27 адамды құтқардық. Өлген тонған, оған қорқыныш қосылған, әл-дәрмендері қалмаған.

Ал екі адам жоқ болып шықты. Олардың өлі денесі кейін табылды.

Егер сол күні осы адамдар су бетінде қалып қойғанда тонып өліп қалар еді немесе су бірте-бірте терендеп, қалқыған көліктер суға батып, адамдар бірге кетер еді.

Менің тоғыз жарым жыл төтенше жағдайлар басқармасында қызмет істеген кезімде көрген қиындықтарым көп, ең бір ұмытылмайтыны осы оқиға болды.

– Қорғанбек аға, мынау шынында адамды шошылтатын оқиға екен. Мұндайдың беті аулақ, ел аман болсын!

Сізден бір нәрсе сұрамақпын. Мен отыз жылдан бері журналист болып келе жатырмын. Біраз сөздерді бұзып айттып жүрсеңізді сезем. Сондықтан өздеріңіз секілді көп оқыған, ана тілін аялап, бұзбай жүрген білімді кісілерден сұрап қалатыным бар. Бізге қандай сын айтасыз?

– «Сыр бойы» – тіл тазалығын сақтап келе жатқан баспасөздің бірі. Алайда, арагілік кемшіліктері де көрініп қалады. Мысалы, сендер «январьды» «қантар» дейсіңдер. Осыны тоқсаныншы жылдары ай аттары қазақшаланғанда қолында баспасөз құралдары бар журналистер қалыптастырды. Негізі қыстың екінші айы – қантар емес, ақпан.

Сәбит Мұқановтың: «Басталар қыс аясы ақпанменен, Сонарда түлкі аулайды қақпанменен. Сол Сегіз Мәжнүңдей ғашық бопты, Бір қызды Ләйлі көріп Мақпал деген», – дейтін өлеңі бар.

Қазақтың сөзін де, дәстүрін де жетік білген Сәбит Мұқановты шатасып тұр деп кім айтады. «Қыс аясы» деп қыстың екінші айын айтып отыр. Егер ол «ақпан» деп «февральды» айтса, онда «басталар» демеі, қыс аяқталып жатыр дегенді де ұйқастырады еді.

Қыстың үшінші айында дала да, мал да қантарылып қалады. От азияды, қар қалындап қасаттанып жатады. Сондықтан, қазақ көктемге шығар айды «қантар» деген.

– Рахмет аға, сіз – тектің үзілмес тіні секілді сана несісіз. Өзіңізбен сұхбаттасу арқылы жан дүниеміз бір демалып қалды. Мұнан әрі де қызықты тақырыптарды қозғай беруге болар еді. Бірақ өлішеп берген көлем бар. Аман болыңыз, аға!

Дүйсеңбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ



ҚАРМАҚШЫ: Инфрақұрылым – дамудың басты айғағы

Тағы да тынымсыз тілшілік сапар. Бұл жолғы бағыт – Қармақшы. Әсіресе, елге ең қажетті әлеуметтік нысандар мен инфрақұрылым жайын көзбен көруді мақсат еттік. Таң біліне қаладан шыққан көлік Жалағаш асып, ауданға қарасты Ақжар ауылдық округіне кіре берген...

Ажары келіскен Ақжар көшелері

Құрылғалы тура 70 жыл болған осы ауылдың бар тіршілігі – егін. Сыр салысын баптайды. Төрт түлікті түлеткендер де бар. Одан бөлек, «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасымен кәсібін дөңгеленткендер де аз емес. Олардың бірі – май сығу цехын ашса, енді бірі көлік жуу орталығын іске қосқан. Сондай-ақ асыл тұқымды төл басын көбейтуге кіріскен кәсіпкерлер де бар.

2 мыңға жуық халқы бар Ақжарда кейінгі жылдары абаттандыру және өзге де инфрақұрылым дамыған. Жол жөндеуі, кейбір әлеуметтік ғимараттары қайта жаңғыртудан өтті.

– Біздің Ақжарда жалпы ұзындығы 16,5 шақырымды құрайтын 20 көше бар. Жүйелі жүргізілген жұмыстың нәтижесінде қазір жолдың 95 пайызы толықтай асфальтталған десек болады. Бұл – тұрғындар сұранысымен істеліп жатқан жұмыс. Биыл қосымша екі көше жөндеуде. Оған 286 млн теңгеден астам қаржы қаралған, – дейді ауылдық округ әкімі Нұржамал Тұрсынбаева.

Әкімнің сөзінше, елге керекті әлеуметтік ғимараттар да толық жанартудан өткен. Мектепке 2022 жылы күрделі жөндеу жасалса, 2024 жылы жаңа дәрігерлік амбулатория салынған. Ал ылтыр балабақша демеушілер есебінен қайта жөнделіпті. Ендігі мақсат – ауыл көшелеріне толық асфальт төсеу, сондай-ақ елді мекенге газ тарту жұмыстарын қолға алу.

– Ақжардағы Ораз ахун және Жалғасбай Тұяқбаев көшесін асфальттау жұмысын бастадық. Екі көшенің жалпы ұзындығы – 2,7 шақырым. Тапсырыс беруші – ауылдық округ әкімдігі. Қазір жеті техника, 12 адам осы құрылыстың басында. Қосымша екі ауыл тұрғынын жұмысқа алдық. Алдағы шілде айының басында жол құрылысын аяқтаймыз, – дейді «Жанакорган Жібек жолы» ЖШС директоры Әділжан Дәумен.

Былтыр ғана облыстық «Үздік елді мекен» байқауында жүлде алған Ақжар ауылында аяқсу мәселесі шешілген. Жүлдеге берілген «МТЗ-80» тракторы бүгінде ауылдағы ағайынның бақшалық жұмыстарында пайдаға асып тұр. Қазір ақжарлықтар ауыл маңындағы 40 гектар жерге картоп, асқабақ, қауын мен қарбыз тұқымын тастаған. Мұнан бөлек, ауылдағы екі ірі шаруашылық, сондай-ақ қосымша серіктестіктер 2 мың гектарға жуық жерге күріш бастырып үлгеріпті.

Ғимараты келіскен ауылдар

Қармақшыда 11 ұлт мекендейтін III Интернационал деп аталатын ауыл бар. Бұл елдің де кәсібі жермен байланысты. Ұлт пен ұлысқа бөлінбей, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарған» жұрт. Күріш егеді, мал азығын дайындайды. Былтыр ғана осы ауылда денешынықтыру кешені пайдалануға берілген болатын. Қазір мұнда 100-ге жуық бала күреспен шұғылданады.

– Ауылда 2400-ге жуық тұрғын бар. Көбісі шаруашылықта жұмыс істейді. Кешегі көктемде 5276 гектар жерге түрлі дақыл егілді. Халыққа, әсіресе өскелең ұрпаққа қажетті нысандар құрылысын жүргізу – басты назарымызда. Айталық, былтыр шілде айында 49 млн теңгеге балалар ойын алаңы салынды. Сондай-ақ Үкімет қолдауымен 409 млн теңге қаржыға спорт кешені салынғанын білесіздер. Қазір онда күрестің екі түрінен дайындайтын үйірме жұмыс істеп тұр, – дейді ауыл әкімі Жеткерген Қалымбетов.

III Интернационал ауылында 11 көше болса, соның 9 көшесіне асфальт төселген. Биыл қосымша тағы бір көше жөнделмек. Екінші жаңалық «Болашақ»

шаруа қожалығының демеушілігімен 6 млн теңгеге «көгілдір отын» тартуға жоба-сметалық құжаты дайындалып жатқан көрінеді.

Айтпақшы, дәл осындай спорт кешені былтыр Дүр Оңғар ауылында да жұмысын бастады. Құны 381 млн теңгеден асатын ғимаратта ауыл балалары түрлі спорт үйірмелеріне қатысып жүр. Түрлі деңгейдегі жарысқа қатысып, жүлде алып жүргендер де жоқ емес.

Сондай-ақ осы елді мекенде екі жыл бұрын жаңа дәрігерлік амбулатория да салынған. Жаңа ғимаратта тіркеу бөлмесі, қабылдау бөлмесі, дәріхана, изолятор, физиотерапия кабинеті, егу бөлмесі, зертхана, мұрағат, күндізгі стационар және жалпы практика дәрігерінің кабинеті қарастырылыпты. Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін қолайлы жағдай жасалған.

– Дәрігерлік амбулаторияға 7 медициналық маман халыққа қызмет көрсетеді. Емдеу қызметі ғана емес, профилактикалық шаралар да тұрақты жүргізіледі. Жоспарлы екеу егу, скрингтік тексерулер, созылмалы ауруларды ерте бастан анықтау жұмыстары да жолға қойылған. Жедел жәрдем көлігі де бар. Аяғы ауыр немесе дергі аса қатты науқастарды аудан не облыс орталығына апаруда бұл көліктің маңызы көп. Сондай-ақ күндізгі емдеу бөлімінде 5 адамға дейін жата алады. Емханамызда қажетті анализ тапсыруға да мүмкіндік бар, ол

үшін арнайы зертханалық бөлме жұмыс істеп тұр, – дейді ауыл дәрігері.

Ал ауыл әкімі Әбімүсілім Қоқановтың сөзінше, өткен жылы ауылдағы электр бағаналары түгелдей жаңартылған. Ең басты қуаныш – Дүр Оңғарға газдың келуі. Бұған 7,1 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінген еді. Егімнен айналысатын 400 шаңырақ қазір көмір тасып, от жағу бейнетінен құтылған.

– Президент пен Үкіметтің арқасы ғой. Әйтпесе, көз ашық ошаққа от жағып, құл шығарып келген біздің бейнет ұмытылмас. Қазір ауылдастарымыз қуанышында шек жоқ. Заманға ілесе, көшпен қалмай қаладағы тұрмыспен ауылдың тіршілігін бірдей қылып қойды. Суың мен жарығың, енді міне, газың үйіне кіріп тұр. Қазіргі балаларда арман жоқ қой, – деп ағынан жарылды ауыл анасы Мафура Нұрмағамбетова.

Инфрақұрылым игілігін әр ауыл көруі тиіс

Жалпы бұған дейін Қармақшы ауданына қарасты Төретам кенті мен Ақай ауылына газ барып, көпшілікті қуантқан еді. Тұрғын саны мол елді мекендерді газдандыру жұмыстарына 1,2 млрд теңге бөлінгенін білеміз. Одан бөлек, Сырдария өзенінің екінші бетіндегі ауылдарға газ тарту жобасы қолға алынды. Өткен жылы Дүр Оңғар ауылын газдандыруға 7,1 млрд теңге қаржы бөлініп, құрылысы толық аяқталды.

Ал осы жылы Иіркөл мен Төрбай би ауылына газ желілерін тартуға жоба-сметалық құжат әзірленіп, құрылысы басталып кетті. Екіншіден, Дүр Оңғар ауылына газ тартылған соң әрі қарай Ақжар, III Интернационал, Ақжар және басқа да ауылдарға газ құбырын жүргізу көзделіп отыр. Тек бұл жұмыстар өз кезегімен, жоспарлы түрде атқарылады.

– Иіркөлде 151 үй мен 6 әлеуметтік нысан бар. Жоба аясында құрылыс-монтаж жұмыстары уақытылы жүруде. Қазір 30 үйге газ нүктесі жетті. Құбыр-

лардың 80 пайызын өз бағытымен орналастырдық. 6 шақырымға жуық құбыр тартылды. Біздің тарапымыздан қажетті техникалар мен жұмысшылар толық жұмылдырылған. Бір ай көлемінде газ тарту жұмысын аяқтаймыз, – дейді «Арал Құрылыс» мердігер мекемесінің жауапты өкілі Батырхан Ақмамбетов.

Ал Төрбай би ауылындағы жоба аясында 21 шақырымнан астам газ құбыры тартылуда. Қазір 17,5 шақырым құбыр төселіп, жоспарланған 93 үйдің 60-ына газ нүктелері орнатылған. Құрылысты алдағы 10 күнде аяқтау жоспарланыпты.

Аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше, бүгінде Қармақшы ауданда «көгілдір отынмен» қамтамасыз ету көрсеткіші 79,2 пайызды құрап отыр. Жоғарыда айтқандай, Иіркөл мен Төрбай би ауылдары табиғи газға қосылса, бұл көрсеткіш 81,3 пайызға дейін ұлғаяды. Бұған қоса, III Интернационал ауылындағы газдандыру жұмыстарының құрылысы үшін тиісті құжаттары рәсімделіп, демеуші жеке кәсіпкер Г.Рагибова арқылы жоба-сметалық құжаты әзірленген. Қазір аталған жоба мемлекеттік сараптаманың қарауына жолданған.

Екіншіден, 2024-2025 жылдары Т.Көмекбаев, Ақтөбе, Иіркөл және Дүр Оңғар ауылдарының электр желілерін қайта жаңғыртуға 1 млрд 385,9 млн теңге қаралып, құрылыс жүрді. Қазір бұл елді мекендер тұрақты, сапалы электр энергиясын тұтынып отыр. Жөндеу, қайта жаңғыртудың нәтижесі жаман емес. Бүгінде аудандағы электр желілерінің тозу деңгейі 80-нен 66 пайызға төмендеген.

Мұндай жұмыс алдағы уақытта да жалғасады. Аудандық бюджеттен Қуандария, Ақжар, III Интернационал, Алдашбай ахун, Қармақшы ауылының электр желілерін қайта жаңғыртуға жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Енді жұмыс жоспарға сай атқарылмақ.

Теміржол көпірінің темігі

Газдандырудан бөлек, жалпы инфрақұрылымды дамыту, жол сапасын жақсарту, ауызу, электр желілері мен түнгі жарықтандыру, қажетті әлеуметтік нысандар – тұрғындар жиі көтеретін мәселе екені белгілі. Біз қорытындысында аудан әкімі Жандос Еркінбекұлымен тілдестік. Әкім аталған мәселелерден бөлек, аудан экономикасының негізі – ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу басты назарда тұрғанын баса айтты.

– Қазір халық өміріне тікелей әсер ететін мәселелерге басымдық беріледі. Жалпы инфрақұрылымды дамыту, жол сапасын жақсарту, ауызу, «көгілдір отын», электр желілері мен түнгі жарықтандыру, қажетті әлеуметтік нысандар – тұрғындардың жиі көтеретін сұрақтары. Осы бағыттарда өз кезегімен жүйелі жұмыс жүргізіледі. Сонымен қатар, аудан экономикасының негізі саналатын ауыл шаруашылығын дамыту, кәсіпкерлікті қолдау, жаңа жұмыс орындарын ашу да назардан тыс қалған жоқ. Бұл бағытта Президент пен Үкіметтің және облыс әкімі тарапынан қолдаулар біз үшін маңызды, – деді аудан басшысы.

Әкімнің айтуынша, мұндай үлкен қолдау арқасында аудандық маңызды бар жолдар 100 пайыз жақсы және қанағаттанарлық жағдайға жеткен. Екіншіден, аудан тұрғындары 100 пайыз ауызсумен қамтылған. Жоғарыда айтып өткендей, электр жүйелері де жыл сайын жанаруда.

– Ауданға қарасты екі кент, 12 ауыл бар. Қазір осы елді мекендерге баратын жолдарға ағымдық немесе күрделі жөндеу уақытылы жүргізіліп келеді. Барлық ауылдық округтерге қатынайтын автомобиль жолының мәселесі толық шешілді. Жоспарға сәйкес, біз әр ауылға газ құбырын жеткізу жұмыстарын да жолға қойдық. Ендігі мәселе – Жосалы кентіндегі аспалы теміржол көпіріне байланысты. Қуаныштысы, ұзақ жыл бойы көлік қозғалысына кедергі болған мәселенің тетігі шешілді. Бұған дейін қаржысы 5,5 млрд теңге болатын көпірдің жоба-сметалық құжаты дайындалып, тиісті басқармаға ұсыныс әзірленген болатын. Қазір салалық министрліктен көпір құрылысы оң қорытындысымен алды. Енді алдағы шілде айында көпір құрылысын бастауды жоспарлап отырмыз. Әрине, мұндай ауқымды жобаның сапалы бітуін ел асқақтарды, белсенді азаматтармен бірге қадағалайтын боламыз, – деп түйінделі сөзін Жаңдос Еркінбекұлы.

52 мыңнан астам халқы бар Қорқыт елі – Қармақшыда жүріп жатқан жұмыстың бір парасы осындай. Басты кәсібі – егін мен төрт түлікке байланған ауданның дамуы қуантады. Халық сұранысын өтеп, қажеттіліктері бар мүмкіндікпен шешкен жергілікті биліктің мұндай ауқымды жобалары әлі де толастамайды деп сенеміз.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы».
Фото Н.НУРЖАУБАЙ.
Қызылорда-Қармақшы-
Қызылорда

«Еңбек жолы» конкурсына қатысыңыз!

«Еңбек жолы» конкурсын өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес «Еңбек жолы» конкурсын 2026 жылы өткізу туралы хабарлайды.

«Еңбек жолы» конкурсы жастарды еңбекке құрметтеу рухында тәрбиелеу, еңбек дәстүрлерін сақтау, көбейту мақсатында және үздік еңбек әулеттері мен өндірістің қарапайым жұмысшыларын айқындауға мүмкіндік береді.

Конкурс «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамы» ұранымен Еңбек адамының қоғамдағы беделін арттыруға және өнімді еңбекті ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурсқа құжаттар 2026 жылдың 1 шілдесіне дейін қабылданады.

Конкурс өткізу мақсаттары:

1) ұрпақтар сабақтастығын сақтау;
2) еңбек адамдары туралы оң қоғамдық пікір қалыптастыру және жаңа еңбек әулеттерін құру үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда жағдайлар жасау;

3) қазақстандықтарда Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға елеулі үлес қосқан отандастарының жетістіктері үшін мақтаныш сезімін тәрбиелеу;

4) жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу;

5) еңбек адамының қоғамдағы мәртебесін арттыру және еңбек өнімділігін ынталандыру.

Конкурс 2 (екі) кезеңде өткізіледі: өңірлік және республикалық.

Конкурсқа мемлекеттік қызметшілерді қоспағанда, салаға қарамастан кәсіпорындардың барлық қызметкерлері қатыса алады.

Конкурсқа қатысушылар ұсынған материалдар негізінде конкурс жеңімпаздарын анықтау жөніндегі республикалық және өңірлік комиссиялар келесі номинациялар бойынша жеңімпаздарды анықтайды:

1) «Үздік еңбек әулеті»:

Бұл номинацияда ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар әулет таңдалады.

Еңбек әулеті – бір отбасының жақын туыстарының екі және одан да көп ұрпағы болып табылатын (ерлі-зайыптылардың бірі немесе екеуі балаларымен немесе немерелерімен), қазіргі уақытта еңбек қызметін жүзеге асыратын және осы кәсіпорында жиынтық жұмыс өтілі кемінде 20 жыл болатын бір ұйымның жұмыскерлер тобы. Еңбек қызметін бөрінен бұрын бастаған еңбек әулетінің өкілі әулеттің басшысы болып таңдалады.

Еңбек әулеті ауылдық, ауданның (қаланың, облыстың) қоғамдық өміріне белсенді қатысуға, жастарды кәсіптік бағдарлауға жәрдемдесуге, өз кәсібін насихаттауға тиіс.

2) «Жұмыс істейтін жастардың үздік тәлімгері»:

Бұл номинацияда кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең жоғары тиімді тәлімгер таңдалады.

3) «Өндірістің үздік жас маманы»:

Бұл номинацияда жұмыс өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбеккер өндіріс қарапайым жұмыскері таңдалады.

Конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынылады:

Конкурсқа қатысушылар екі данада қағаз және электрондық жеткізгіштерде келесі материалдарды ұсынады:

1) номинация көрсетілген, еркін нысандағы конкурсқа қатысу туралы өтінішті;

2) жеке куәліктің көшірмесін;

3) номинация тақырыбы бойынша 1-2 минуттан аспайтын бейнеролик (жұмыс орны және дағдылары көрсетілген);

4) конкурсант туралы (жұмысы, отбасы, қызығатын ісі, хобби және т.б.) 1 минуттан аспайтын компьютерлік презентация (Microsoft Power Point форматында);

5) еңбек әулетінің әр өкілінің немесе жұмыскердің жұмыс өтілін растайтын, жұмыс беруші куәландыраған еңбек кітапшасының және өзге де құжаттардың көшірмелері (жұмыс орнынан анықтама);

6) жұмыс берушінен немесе кәсіп-одақтан ұсыныс хат.

Бар болған жағдайда (келесі құжаттардың көшірмелері): мемлекеттік немесе ведомстволық наградалардың, грамоталардың, алғыс хаттардың көшірмелері біліктілікті арттыру туралы сертификаттар (бар болса).

Конкурсқа құжаттар мемлекеттік немесе орыс тілдерінде ұсынылады.

Конкурс өткізу мерзімі: 1 шілдеге дейінгі мерзімде өңірлік деңгейде үміткерлерден материалдар мен өтінімдерді қабылдау;

1 тамызға дейінгі мерзімде «Еңбек жолы» республикалық байқауының облыстық комиссиясымен өңірлік деңгейдегі жеңімпаздарды анықтау;

қыркүйекте өңірлік еңбек форумында жеңімпаздарды марапаттау;

10 тамызға дейін «Еңбек жолы» байқауының өңірлік деңгейінен жеңімпаздардың материалдарын ҚР ЕХӨҚМ-не әрі қарай республикалық деңгейде қатысу үшін ұсыну;

1-15 қыркүйек аралығында республикалық комиссиямен «Еңбек жолы» республикалық байқау деңгейінің жеңімпаздарын анықтау;

қазан айында «Еңбек жолы» конкурсының жеңімпаздарын республикалық форумында марапаттау.

Нақты ақпарат пен келесі келесі мекен-жайлардан алуға болады:

Қызылорда қаласы Бекзатхан Асқар көшесі 47 мекен-жайында орналасқан Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының 212 каб., тел.: 26-38-20 немесе тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері.

Ескерту: Конкурс өтінімдерді тұрғылықты жеріңіз бойынша аудандық және Қызылорда қалалық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдеріне тапсыра аласыз.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, сондай-ақ ынталы жас қызметкерлерді, сондай-ақ олардың тәлімгерлерін конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз!



/// ҚҰТТЫҚОЖА ҰДЫРЫСОВ – 75

Қарымды қаржыгер, мемлекет және қоғам қайраткері Құттықожа Ыдырысулы әріптесім әрі інім тірі болғанда биыл 75 жылдығын тойлар едік. Оның о дүниелік болғанына да 8 жыл толыпты. 67 жыл өмірінде Құттықожаның кейінгілер айта жүретін айшықты ізі қалды, кіршіксіз таза жолы қалды.

ХАЛЫҚ ЖАДЫНДАҒЫ ҚАЙРАТКЕР

Біз Құттықожа екеміз Жаңақорған ауданында көршілес Қыраш және Манап ауылдарында қарапайым қолхозшылардың отбасында дүниеге келіп, ата-анамыздың үмітін ақтап, жоғары экономикалық білім алып, туған өңірімізге келіп қызмет атқардық. Менің Құттықожадан 3 жас үлкендігім бар, сондықтан да мені «аға» деуші еді, ал өз кезегінде менде оның атын атамай «Қожеке» деп кеттім.

Қожекен 1974 жылы Алматы халық шаруашылығы институтын бітірген соң «Түгіскен» совхозында есеп қызметкері, кейін шаруашылықтың бас экономисі болып жемісті еңбек етті. Өткен ғасырдың 80-жылдары елімізде мемлекеттік агроөнеркәсіп жүйесі орталықтандырылып, бұрынғы одақтағы 6 министрліктің орнында бүкіл ауыл шаруашылығын біріктіретін өте алып құрылым (Госагропром) құрылды. Алпысыншы жылдардың екінші жартысынан бастап күріш шаруашылықтарындағы жер тегістеу, шаруашылық орталықтарын салу және оның инфоқұрылымын дамытумен одақтық Су шаруашылығы министрлігіне бағынатын «Главрессовхозстрой» бас басқармасы айналысты. Жаңақорған ауданында осы құрылымдар жүйесі бойынша Түгіскен магистральді каналы салынып, 1967 жылы күріш егуге мамандандырылған «Түгіскен» совхозы құрылды. Осы шаруашылықта механизатор болып қызмет бастаған Қожеке кейін ұйымның бас маманы болып, оның экономикасының дамуына зор үлес қосты.

Атап айтсақ, сол кезде республикада ауыл шаруашылығындағы қолхоздар мен совхоздарда шаруашылық есеп енгізіліп, шығындарды лимиттеу мақсатында шаруалар барлық шығындар үшін қызмет көрсетушілерге чек кітапшасы арқылы есептесе жүргізілді. Егер технологиялық картадағы шығындар үнемделсе, жыл аяғында сол қаржы шаруаларға беріліп, шын мәнінде «үнем» жасауға ықпал етті. Дәл осы

процесті өз совхозында батыл және жоғары дәрежесінде алғашқылардың бірі болып жүргізіп, жұмысшылардың отбасылық бюджетіне қосымша қаржы түсіруді түсіндіріп, шын мәнісінде оны іске асырудың басында Құттықожа Ыдырысовтың тұрғанын бүгінгі еш бүкпесіз айтуымыз керек. Құттықожадай өз ісінің нағыз маманы бір шаруашылықтың масштабында қалып қоюы шындығында дұрыс болмас еді.

Іскер жасты облыстық ауылшаруашылық басқармасы уақытында байқап, облыстық аппаратқа шақырып, ол экономикалық блокта қызмет етті. Кейін қолхоздар кеңесінің байыпты, салмақты, өте сауатты басқарды. 80-жылдардың ортасында облыстың беделді қаржыгері, қаржы басқармасының жетекшісі Камал Шөкенов Құттықожаны қызметке шақырып, бөлім басшысы, басқарма менгерушісінің орынбасары лауазымдарына тағайындап, оның кейінгі қаржы саласына өсуіне даңғыл жол салып беріп еді. Қожекең де қаржы саласына сәл кештеу келгенімен, өзінің табиғат берген еңбекқорлығы, қаржы заңдылықтарын тиянақты және үнемі оқып, үйреніп, күнделікті жұмыста пайдалана білуінің арқасында өңірдегі, еліміздегі белгілі қаржыгерлердің біріне айналды.

Тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Қызылорда қаласында арнайы экономикалық аймақ құру ісіне атсалысты. «Инвестиция-Газ» заемін, айлық жаланың бір бөлігін төлеу үшін вексельдер, есептесу міндеттемелерін шығарып, айналымға кіргізіп, сол кездегі экономикадағы қиындықтарды біршама жеңілдету мақсатында аянбай еңбек еткендердің бірі осы досымыз, әріптесіміз еді.

Осындай қаржының қазанында қайнап-піскен Құттықожаны қандай салаға жіберсе де дайын еді, оның да онтайы келіп, 1994 жылдан бастап жаңадан Қаржы министрлігі құрамында бөлек отау тіккен Қазынашылық комитетінің об-



лыстағы басқармасына алғашқы жетекшісі болу міндеті жүктелді. Осы құрылымды 7 штаттық бірліктен бастап, он жылда іргелі 170 қызметкері бар ірі мекемеге айналдырып, бюджеттің барлық түсімдерін мен шығыстарының орталықтандырылған бір жерден кірістелуі мен жаратылуы қамтамасыз етілді. Саладағы ерен еңбегі лайықты бағаланып, «Қазақстан қаржы саласының үздігі» атағын алды, облыс әкімінің экономикадағы жауапты орынбасары лауазымында 5 жылдай қызмет атқарып, өңір экономикасының өсуіне қол жеткізгенін куәсі болдық. Құттықожа облыстың 3 әкімінің тұсында қызмет атқарғанда бюджеттің кірістері үнемі артығымен орындалып, көптеген құрылыс объектілері салынды, банктердің экономикаға беретін несиелері кө-

бейіп, кәсіпкерліктің дамуы артты, зейнетақы, жалақы, жәрдемақылар өсіп, уақытылы, дер кезінде берілуі қамтамасыз етілді.

Құттықожа Ыдырысулының мемлекет және қоғам қайраткерлігін Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің IV және V шақырылымдарында депутат болған кезінде нақты көрдік. Сол

шаруашылығы комитеттерімен қойын-қолтық нақтылай жұмыс атқарды, соның нәтижесін қазір аудан халқының барлығы көріп отыр.

Құттықожа қаржы органдарындағы ұзақ жылдар қызметте болған кезінде көптеген шәкірт тәрбиеледі және олар еліміздің бірқатар өңірлерінде жауапты қызметтер атқаруда. Оның ішінде Рахымжан Нұрсейітов Алматы облыстық Қазынашылық департаментін басқарып, қазір республика Парламентінде жауапты қызмет атқарса, тағы бір шәкірті Гаухар Арынова Оңтүстік Қазақстан облыстық Қазынашылық департаментінде қызмет істеді, сонымен қатар көптеген ізбасарлары басқа өңірлерде, облыс аудандарында жемісті еңбек етуде. Құттықожаның елге сіңірген еңбегі де кезінде еленді, «Құрмет» орденімен, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Жаңақорған ауданының құрметті азаматы.

Қожекең өмір бойы оқыс, келенсіз қылықтарға бармаған, жаны да, тәні де таза азамат еді, ішпідік ішу, темекі шегуге еш уақытта әдеттенбеген, бірақ отырыстарда, той-жындарда өте көңілді, жора-жолдастарымен әзілдесіп, жарқырап отыратын еді.

Ол үлгілі отбасын құра білді, балалары тәрбиелі болып өсіп, бәрі де жоғары білім алды. Жұбайы Рабат екеуі енді солардың қызығын көруді армандап жүр еді, бірақ ауыр науқас дегеніне жеткізбеді. 2018 жылдың 31 тамызында бақилық сапарға аттанды. Осылайша асыл әке, қимас жолдас, үлкен жүректі іні, білгір қаржыгер 80 жастан асып қайтыс болған шешесі мен 100 жасаған әкесінің қасынан мәңгілік тыныш тапты. Қожекеңнің қайтыс болуы, сүйікті қызы Динараға өте қатты әсер етіп, бір жылға зор үлес қосты, депутаттардың сайлаушылармен кездесуінде Парламенттің заң шығарушылық жұмыстарын таныстырумен қатар, елдің жағдайымен жан-жақты танысып өзекті мәселелер бойынша жоғарғы органдар алдына тұрақты түрде мәселе қойып, оның шешілуін үнемі бақылап отыратын еді. Соның айқын айғағы Жаңақорған ауданындағы 28 елді мекенді таза жерасты ауызсумен қамтамасыз етуге арналған «Талап-Сырдария» топтық су құбырының жоба-сметалық құжаттамасын дайындау мен құрылыс жұмыстарына республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлінуі үшін экономика, ауыл шаруашылығы министрліктері, Су

Қамбар ӘЖІБЕКОВ,
қаржы саласының ардагері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Мамандықтың оңайы болмайды. Әрқайсының өзіндік ерекшелігі бар. Солардың арасында қаржыгерлік қызығы мен қиыншылығы бірдей жүретін, жүгі ауыр кәсіп саналады. Басқасын былай қойғанда, мемлекеттің қаржысы жауапкершілікті екі есе арттырады. Бір цифрдың бүлігі бүткіл есепті бүлдіретінін біліп, саналы түрде әрі сыни тұрғыдан қарап, сапаға жеткізуді мұрат ететін мақсатқа мойынсынады.

ҚАРЖЫ САЛАСЫНЫҢ МАЙТАЛМАНЫ

Бұл жерде біліктілік, шеберлік қысқа уақытта қалыптаспайды, ол үшін ұзақ мерзім, мол тәжірибе және қажырлы еңбек қажет.

Сыр бойында қаржы саласының корифейлері жеткілікті. Солардың арасынан Бименді Баймаханов, Камал Шөкенов, Қалқазбек Әжібековтің ізін ала Құттықожа Ыдырысов қаржы саласының майталманына айналды. Ол – есеп-қисапқа жүйрік, жұмыста жауапкершілігі жоғары маман ретінде шаруашылықтағы қарапайым есепшіден басқарма, департамент басшысы, облыс әкімінің орынбасары лауазымдарына көтерілген кісі. Одан кейінгі жылдарда Парламент Мәжілісінің екі шақырылымына депутат болып сайланған қайраткер бүгінде тірі болғанда 75 жасқа толар еді.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдары қай салада болмасын білікті мамандарға сұраныс арта түсті. Сондай кезде ардақты ағамыз облыстық қаржы басқармасына қарасты бөлімде қызмет істеді. Қаржы тапшылығына байланысты бағалы қағаздарды айналымға жіберіп, бартерлік жүйеде де өз биігін байқапты.

Мемлекет алдындағы экономикалық міндеттерді жүзеге асыруда қаржы секторының алар орны ерекше болса, өңірдің экономикалық қуатын еселеп, тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсартуда қаржыгер Құттықожа ағамыздың арқау ісі көп, жемісті еңбегімен ел есінде қалды.

Құттықожа Ыдырысулы тәлімгерім деп санаймын. Мойынға жүктелген міндетке мойымаған кәсіби маман, оның іс-тәжірибесі, ұзақ жылғы еңбек өтілі саланың білгірі болғанын байқатып тұрды. Көңіл төрінде сақталған азаматтық келбеті, жылы жүзі мен сабырлы сөзі, ағалық ақыл-кеңесі, шәкіртке деген шапағаты естен кетпейді. Жұмыс барысында көмек сұрағанда түсіндіруден жалыққан емес, түйінді мәселені тарқатуың алгоритмін жасаушы еді. Бізге әрдайым ойлануға идея қосып, сол арқылы жұмыстың жауапкершілігі мен алдағы нәтижесіне қол жеткізудің қолайлы шешімін іздеуге ұйретті. Онымен жұмыс істеу өте қызық және арқашан талапты ұшықрап, жемісті жолға жетелеп отыратын. Әсіресе, талдау жасау басты

бағдары болатын. Кез келген есеп талдаусыз өтпейді, бірнеше нұсқа қарастырады. Мұның тиімділігі зор екенін танытып, бізді сол бағытта баптады. Бұл өз ісіне деген сенімді күшейтті, жұмыс нәтижесін нығайтты.

Ұжыммен тонның ішкі бауындай біте қайнасып, әріптестеріне қарапайым, кішіпейіл, көпшіл мінезімен сыйлы болды. Кешірімшіл еді, күліп жүретін, кек сақтамайтын.

Құттықожа Ыдырысулы біздің бөлімнің басшысы, облыстық қаржы басқармасы бастығының орынбасары, облыстық қазынашылық департаментінің бастығы, облыс әкімінің орынбасары, қаржы басқармасының басшысы болған кезде де табиғи қасиеттерінен бір мысқал ауытқымай, кісілік пен кішілікті қатар ұстанды. Өзінің жауапты жұмыс майданында шыңдалған, еселі еңбектің қазанын қайнатқан қызметтік жолындағы кәсіби шеберлікті, адами қарапайымдылығын сақтап өтті. Өз кәсібін сүйгені сонша, көшеде келе жатса да әріптестеріне кенесін аямайтын, ешбір қателікке жол бермеуге үндейтін.

Қазақта «Жақсы адам – жұрттың ырысы» деген даналық сөз бар. Рас сөз. Тәжірибелі басшыдан тәлім алған шәкірттері ақылман ағаға деген шексіз құрметі мен алғысын әлі күнге дейін білдіріп келеді. Солардың бірі – өзім. Бүгінде біз мемлекеттік органдарда басшылық қызметтер атқарып жүрсек, оған ұстазымыздың ұлағаты жолы себепкер болды. Ол үнемі: «Қаржыгер бойындағы байлығы – оның есте сақтау қабілеті және шығыс пен кіріс құжаттарына мұқият болу. Сонымен қатар қаржыны игере біл, игілікке пайдалануға жол аш» дейтін. Міне, жақсы адамның ырысы деген осы.

Абал ағамыздың арамьздан ерте кеткені өкінішті, әйтпесе аймақты дамытуға оның ықпалы зор еді. Саналы өмірін қаржы жүйесінде қызмет етуге арнаған азамат биігінде асқақ тұр.

Гүлнар БАЙМАХАНОВА,
Қызылорда қалалық қаржы және бюджетті жоспарлау бөлімінің басшысы

жылдары тәуелсіз Отанымыздың көптеген заңдары қабылдауына, өзгеріс енгізілуіне тәжірибелі қаржыгер есебінде зор үлес қосты, депутаттардың сайлаушылармен кездесуінде Парламенттің заң шығарушылық жұмыстарын таныстырумен қатар, елдің жағдайымен жан-жақты танысып өзекті мәселелер бойынша жоғарғы органдар алдына тұрақты түрде мәселе қойып, оның шешілуін үнемі бақылап отыратын еді. Соның айқын айғағы Жаңақорған ауданындағы 28 елді мекенді таза жерасты ауызсумен қамтамасыз етуге арналған «Талап-Сырдария» топтық су құбырының жоба-сметалық құжаттамасын дайындау мен құрылыс жұмыстарына республикалық бюджеттен тиісті қаржы бөлінуі үшін экономика, ауыл шаруашылығы министрліктері, Су

КӘСІБИ ТӘЛІМГЕР МЕКТЕБІ

Құттықожа Ыдырысулы ағам арамьзда болғанда биыл 75 жас мерейтойын тойлар едік. «Жазмыштан озмыш жоқ» дегендей, ағамыз ұзақ науқастанып, 2018 жылдың жазында 67 жасында бақилық болды.

Уақыт зымырап, сегіз жыл өтсе де, барлығы күні кеше болғандай көз алдымызда, жанымызда жүргендей сезіледі. Бұл ағамыздың ықыласы ауып, жақын тұтқан адамдардың жалды мен жүрегінде сақталып, өшпес сыйластық, бауырмалдық сезім қалдыра білгені деп айтар едім. Өмір жолы, ерен еңбегі, сонына ерген бізге берген тәлім-тәрбиесі, қаржыгерлік кәсібилігі ел ауызында айтылып жүр және айтыла береді де.

Құттықожа ағамен 1996 жылдың тамыз айында танысқаннан, кейін қарамағында 1998 жылдан қазынашылық басқармасында, 2005 жылдан облыстық әкімдікте он жылдай бірге жұмыс атқардым. Осы уақыт кәсіби өмірімдегі маңызды кезең болды, мамандықтың қыр-сырымен қатар адамдармен қарым-қатынас жасау, елмен араласу, туындаған мәселенің шешу жолдарын табу, реттеу секілді қасиеттердің шыңдалуына септігін тигізді, нағыз өмірлік мектеп болды десем артық айтқандық емес. Бұл – ұстаздық тәлімгерлігінен мол сусындағанымның айғағы.

Қызмет бабында қаталдау, талапшыл, жұмыстан тыс уақытта әзілді де айтатын және өзі де әзілді көтере алатын. «Қандай кітап оқыдың, не оқып жатсың?» деп әлсін-әлсін сұрап қояды. «Ештеңе оқып жатқаным жоқ» деп айта алмайтын болған соң, кітап қарауға уақыт табатын болдым. Іс арасында әдеби талқылаулар да болып тұратын. Ол кісіні басқа да шәкірттері облысымыздың, республикамыздың аумағында түрлі қызметтер атқарып жүр. Осы ретте, елге сіңірген ерен еңбегін ескеріп, азаматтығы мен тулғасын мәңгі есте қалдыру мақсатында, келер ұрпаққа тәрбиелік мәні бар ұлағатты үлгі-өнеге ретінде Қызылорда қаласының орталық көшелерінің біріне Құттықожа Ыдырысулының аты берілсе деген қаржыгер әріптестердің, шәкірттерінің атынан ұсынысымыз бар.

Роман МУСАБЕКОВ,
шәкірті

ТУҒАН ЖЕРДІҢ БІРТУАР ПЕРЗЕНТІ

Алғаш еңбек жолымды Құттықожа ағамен үзеңгілес жүріп бастағандықтан ол кісіні ерекше жақын тұттым десем болады. Екеуіміздің де мамандығымыз бір, екеуіміз де 1974-1975 жылдары қатар орналасқан екі шаруашылықта, нақтылап айтқанда Түгіскен мен 23 партсъезд кеңшарында бас экономист болып қызмет атқардық.

Міне осы жылдары менің Құттықожа Ыдырысовтан үйренгенім аз емес. Олай дейтінім, бұл кісі тұмысынан зерек, талантты еді. Өзінің төл мамандығын менгеру өз алдына, оған жаңалық ендіру – бұл ғылыми әлеуеттің де көрсеткіші болса керек. Құтекен оған қалай қол жеткізді? Ауыл шаруашылығында қаржылық сауаттылықты менгеру үшін сол егіншіліктің табиғатын терең менгеруің керек. Бала жастан ауыл тіршілігіне көзі қанық өскен Құтекенге сол жастай бойға сіңірген өмірлік сабағы көмекке келді-ау деп ойлаймын.

Құттықожа Ыдырысовтың бас-тамасымен облыста бірінші рет арендалық тәртіпке көшіп, шаруашылықты бригадалық жүйемен басқаруды жолға қойдық. Бұл әдістің астық шығымдылығын арттыруда, сондай-ақ еңбеккерлерді қаржылық жағынан ынталандыруда нәтижелілік коэффициенті басымдығын тәжірибелік тұрғыда дәлелдеді. Бізден кейін өңірдегі барлық шаруашылықтар біртіндеп осы жүйеге көшті.

Құтекеннің еңбек жолындағы қарьерасына кәсіби біліктілігі ғана емес, көркем кісілік болмысы да жол ашты деп анық айта аламын. Кез келгенмен тіл табыса білу өнері – жан дүниенің тереңдігінен арна тартса керек. Ол кісінің ұйымдастырушылық қабілеті, жан-жақтылығы қай жерде қызмет атқарса да бедел бітігіне шығарып, айналасына қадірлі етті. Сала білгірінің облыстық қаржы басқармасында қызмет атқарған жылдары өңірміздің бюджетін талдап-таразылай білген жетекшілігімен ел әлеуетіне үлкен табыс әкелген қаржыгер бола алғанын айтқым келеді. Міне, осындай қарым-қабілеті орында бағаланып, облыс әкімінің қаржы жөніндегі орынбасары ретінде екі бірдей басшымен – Мұхтар Құл-Мұхаммед және Икрам Адырбековпен қызметтес болғанында лайықты құрмет иеленіп, абырой арттыруының өзі оның нағыз өз ісінің майталманы болғандығын дәлелдесе керек. Құттықожа Ыдырысовтың Мәжіліске екі рет депутат болып сайланып, Сыр елі халқының мұң-мұқтажын шешуде саясаткерлігімен танылған азаматтық қыры, ол өз алдына үлкен әңгіме.

Елге сіңірген осындай қызметімен қоғам және мемлекет қайраткері деңгейіне көтерілген Құттықожа Ыдырысовты еске алғанда ең алдымен оның қарапайымдылықты пір тұтқан қадір-қасиеті көз алдыма көп тұра қалатынын жасырмаймын. Оны көпке ортақ аяулы тұлға атандырған да осы бір асқарқын мінезі ме дерсің. Қай кезде, кіммен болсын жылы қабақ ұшырауына мысқалдай да келенке түсірмей өткен кең жүректі аға осы бір акеділ қалпынан айнымаған күйі жарық дүниеден өтіп кете барды. Өмірде ұстанған қағидасын өзгертепеген өнегенің астарында не сыр бар дегенге келсек, сүйегі асыл жанның ғана маңдайына бітер тектілік қасиетті танығандай боламын. Оқумен, тоқумен келмейтін, бабаның күшімен, ананың сүтімен бойға сіңген бұл құндылық жұмыр басты несіне өмір бойы жар болып өтеді екен. Жүз жасап ғұмырдан өткен әкесіне көзі тірісінде жүз рет зиярат етіп өткен перзент те осы Құтекен бе деймін. Қым-қуыт шаруадан уақыт тауып туған шаңыраққа бас сұғу бір бөлек, іссапарлармен осы маңға қай кезде жолы түссін меілі, тіпті жеті түннің ортасы болсын қауғалақ ап қарсы алған біреуіміздің үйімізге қона салуға жоқ, міндетті түрде әке жанына жетіп, жалқы сөт болса да мауқын басып, әкесінің көңілін жайландырып аттанатын дағдысын бір бұзбады.

Құтекеннің өзі де ардақты әке атанды, сонында ата данқын асқақтатар перзенттері өсіп келеді. Бұған да шүкір дейміз де.

Өзі өмірден өткенімен өнегесі, жайдары бейнесі оны білетін жұртшылықтың көңілінде сайрап тұр. Біздің тілегіміз, аяулы тулғаның тірлігінде арттырған барша жақсы амалдары алдынан қайтсын. Алла панасына алсын!

Құтекеннің өзі де ардақты әке атанды, сонында ата данқын асқақтатар перзенттері өсіп келеді. Бұған да шүкір дейміз де.

Өзі өмірден өткенімен өнегесі, жайдары бейнесі оны білетін жұртшылықтың көңілінде сайрап тұр. Біздің тілегіміз, аяулы тулғаның тірлігінде арттырған барша жақсы амалдары алдынан қайтсын. Алла панасына алсын!

Өмірсерік ТАҚЫРБАСОВ,
Жаңақорған ауданының құрметті азаматы

МЕРЕЙ

Біздің әңгімесіміздің арқауы Нәби Опабекұлы – бүгінде торқалы тоқсан жастың ақ таңын атырған, елдің есендігін тілеп отырған ақсақал. Өз кезеңінде елдің дамуы мен әлеуетінің артуына зор үлесін қосқан. Оңтайландыру саясатының құрығына ілініп, 1998 жылы партия кеткен Сырдария ауданына қарасты шаруашылықтарда партия және кеңес ұйымдарына жетекшілік етіп, аудан орталығында басшылық қызметтер атқарған.

ТОҚСАН ЖАСТЫҢ АҚ ТАҢЫ



білім алып шықты. Содан Сырдария аудандық партия ұйымы бірінші хатшысы сенім білдіріуімен Октябрь (қазіргі Қоғалықөл) колхозына партия ұйымының хатшысы болып тағайындалды.

Оны ұзақ жыл абыроймен атқарды. Бұдан соң аудан басшылығының ұйғарымымен 1974 жылы Сырдария аудандық дайындау мекемесіне директор етіп жіберді. Дайындау мекемесінің шалқайған жұмысын жөнге келтіріп, мемлекеттің тапсырыстарын артығымен орындап, жүн-жүрқа, тері-терсек, ет-сүт қабылдау жұмыстарын жолға қояды. Ондағы артық есептер мен шығындарды жойып, мекеме жұмысын жандандыра түсті. Осының арқасында аудан ет пен сүт, жүн тапсыруда абырой биігінен көрініп, бірнеше рет бесжылдықтың үздігі атанды. Адал қызметтің арқасында ол Мәскеуде өткен кооперативтердің ІХ съезіне делегат болып қатысты. Оны облыстық тұтынушылар одағының бастығы Ә.Іскендіров бастап барды.

Мекеме аудан көлемінде биіктен көрінген тұста, аудан басшылығы қаланы ет пен сүт, көкөніс, бақша өнімдерімен қамтамасыз ететін Киров атындағы шаруашылықтың жұмысын жолға қою үшін партия ұйымын басқаруға жіберді. Партия қайда жұмсаса соған адал қызмет ете білген іскер азамат Нәби Жалмурзаевты 1984 жылы кеңес жұмысына ауыстырып, Жетікөл ауылдық кеңесінің төрағасы етіп сайлайды. Оны он жыл бойы атқарып, шағын ауылдың бірлігі мен тірлігін ұйыта ұстап, ауылдың әлеуметтік дамуына барынша өз үлесін қосты. Әсіресе, тоқсаныншы жылдардағы қиыншылықты ауыл тұрғындарымен бөлісті, елге қадірлі болды. Тұрғындарды сабырға келтіріп, бірлік пен төзімділікке, табандылыққа үйретті. Нәби Опабекұлының ауыл адамдары қолдап, ол кісіні барынша сыйлайды. Өйткені байсалды басшы ретінде халыққа ұнады. Сөйтіп 1994 жылы осы төрағалықтан құрметпен зейнетке шықты.

Қатардағы колхозшылықтан бастаған еңбек жолы осындай өнегеге толы. Жылдарды артқа тастаған Нәби Жалмурзаев бүгінде Ұлы Жеңіспен қатарлас, торқалы 90 жастың төріне шығып отыр. Ұлы Отан соғысына теңестірілген тыл ардагері. Бүгінде елдің тілеу-қорына айналған ақсақалға біз де зор денсаулық тілейміз!

Кенжалы ЕРІМБЕТОВ, Қазақстанның Құрметті журналисі

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі

1. Жалпы ережелер

1. «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын (бұдан әрі – Байқау) ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі – Ереже) Байқауға қатысу және жүлдегерлерді анықтау тәртібін белгілейді.

2. Байқаудың мақсаты – бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілді танымал ету және мемлекеттік тілді насихаттау. Байқау өткізудің міндеттері:

- 1) мемлекеттік тіл мәселесіне қоғамның назарын аудару;
2) мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері туралы бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басшылығы, теле-, радионарн, интернет-басылм) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар, теле-, радиобағдарламаларды жұртшылық арасында ілгерілету;
3) қазақ тіліндегі контенттің үлесін арттыру және мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту.

2. Байқауды ұйымдастыру тәртібі

3. Байқаудың ұйымдастырушысы – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті (бұдан әрі – Комитет).

4. Байқауды өткізу туралы хабарландыру 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылады.

5. Байқауға қатысу үшін Ереженің 9-тармағында көрсетілген екі номинацияның біреуі бойынша өтінім (қол қойылған, сканерленген) тіл. jane.baq@gmail.com электронды поштасына «Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауына» деген белгімен 2026 жылғы 1 шілде сағат 24.00-ге дейін мынадай құжаттармен бірге жолдануы тиіс:

- 1) осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған өтінім;
2) 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап 2026 жылғы 1 шілдеге дейін бұқаралық ақпарат құралдарында (мерзімді баспасөз басшылығы, теле-, радионарн, интернет-басылм) және интернет-ресурстарда жарияланған мақалалар (2 мақала), теле-, радиобағдарламалар (1 бағдарлама);
3) жарияланған мақалалардың «Word» форматындағы электрондық нұсқалары, скриншоттары (мерзімді баспасөз басшылығы, интернет-басылм, интернет-ресурстар), теле-, радиобағдарламалардың жазбасы.
6. Ереженің 5-тармағында көрсетілген мерзімнен кейін Байқауға қатысу үшін ұсынылған өтінім қабылданбайды.
7. Байқауға ұсынылған материалдар кері қайтарылмайды және Ереженің 5, 8-тармақтарында көрсетілген талаптарға сәйкес келмейтін жағдайда қараусыз қалдырылады.
8. Байқау материалдарын бағалау өлшемшарттары:
1) тақырыпқа сәйкестік;
2) қамтылған ақпараттың өзектілігі, нақтылығы мен шынайылығы;
3) мәселені талдау тереңдігі;
4) материалдың жеткізу шеберлігі;
9. Байқау екі номинациядан тұрады:
1) «Үздік мақала»;
2) «Үздік теле/ радиобағдарлама».
10. Байқауға қатысушылардың жұмысын бағалау және жүлдегерлерді анықтау үшін қазылар алқасы құрылады.
11. Қазылар алқасы құрамына кемінде бес адамнан тұратын тіл мен әдебиет, журналистика салаларының білікті мамандары, ғалымдар кіреді. Қазылар алқасының төрағасы ретінде алдыңғы 3 жылда сайланған тұлғалар тартыла алмайды.
12. Қазылар алқасының мүшелері Байқауға қатысушылардан түскен материалдар негізінде ашық дауыс беру арқылы Байқаудың екі номинациясы бойынша жүлдегерлерді анықтайды.
13. Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.
14. Қазылар алқасының шешімі хаттама түрінде ресімделеді және оған қазылар алқасының барлық мүшелері қол қояды.

3. Байқауға қатысу тәртібі

14. Байқауға кәсіби журналистер, телевизия және радио, газет, сайт ұжымдары, сондай-ақ мемлекеттік тілдің өзекті мәселелері жөнінде мақалалар жарияланған бағда да журналист-мамандар қатыса алады.

15. Байқауға соңғы 3 жылда бірінші орын алған жүлдегерлер қатысырламайды.

16. Байқауға қатысушылардан отандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейту және оның қоғамдағы ролін арттыру жөніндегі қазақ және орыс тілдеріндегі материалдар қабылданады. Материалдар аналитикалық талдаулар, проблемалар мен олардың шешу жолдарына негізделуі қажет. Материалдарда қазақ тілін қолданудың маңызын кеңейтудің және оның қоғамдағы қатынастардың барлық саласында қолданудың тиімді жолдары көрсетілуі тиіс.

17. Үміткерлердің Байқауға ұсынылған материалдары олардың кәсіби біліктіліктерін, мультимедиалық сторителлинг және заманауи медиа мүмкіндіктерін, қазақ тілін үйретудің заманауи моделін көпшілікке аша алуы қажет. Материалдарды бағалау барысында авторлардың заманауи біліктіліктері, оның ішінде дата-журналистік қабілеттері де ескеріледі.
18. Байқауға қатысушы коммуникативтік ресурстарды орында қолданып, заманауи медиатеchnологияларды дестурді журналистика құралдарымен кіріктіре отырып, мемлекеттік тіл саясатын бұқаралық ақпарат құралдарында насихаттау, сол арқылы қазақ тілін қызметі, даму жолдары мен тіл саясатының түрлі қырларын, өзекті мәселелерін сапалы, сенімді және нәтижелі түрде баяндауы қажет.

19. Байқауға қатысушылардың қазіргі контентті қарқынды дамытудың заманауи жолдары мен инновациялық шешімдерін көрсете білуі ескеріледі. Әлеуметтік ортада, мемлекеттік органдарда мемлекеттік тілдің нық орнығып, еркін қолдануында кездесетін кедергілерді айқындай отырып, негізгі шешімдер ұсыну шеберліктеріне мән беріледі.

4. Байқау қорытындысы туралы

- 20. Байқау жүлдегерлері арнайы дипломдар, алғысхаттар және жоспарланған жүлде қоры мөлшерінде қаржылай сыйлықтармен марапатталады.
21. Байқаудың жүлдегерлері туралы ақпарат Байқау аяқталғаннан кейінгі 3 жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады және Комитеттің интернет-ресурсына орналастырылады. Байланыс телефоны: 8-777-114-66-83.

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесіне қосымша нысан

«Мемлекеттік тіл және БАҚ» республикалық байқауына қатысуға өтінім

Тегі, аты, әкесінің аты _____
Жасы _____
Білімі _____
Қызметі (міндетті түрде БАҚ атауын, лауазымын көрсету қажет) _____

Мекенжайы _____
Байланыс телефоны (WhatsApp нөмірі) _____
Электронды пошта _____
Мақала, теле-, радиобағдарлама, БАҚ атауы, жарияланған күні: _____
1) _____
2) _____

Қосымша ақпарат _____
Қолы _____
Күні _____

Хабарландыру

«М-32 «РФ шекарасы (Самара) - Шымкент» республикалық маңызы бар автомобиль жолының 1806-1337 км «Қызылорда-Сексеуіл» уақесінің реконструкциялау. 1-уақесі: «Қызылорда қаласын айналып өту 1-б техникалық санатындағы автомобиль жолын салу» жұмыс жобасымен танысу және жобадағы туындаған мәселелерді талқылау үшін Қызылорда қалалық әкімшілік қызметкерлері, Сырдария аудандық әкімшілік қызметкерлері, жолдың бойына жақын орналасқан жер иелерін және барлық қызығушылық танытқан тұлғаларды қоғамдық тыңдауға шақырамыз.

Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 11 маусым күні сағат 11.00-де Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, М.Шоқай көшесі №254 мекен-жайында өтеді.

Қоғамдық тыңдауларды өткізуге жауапты мекеме: «Қыран» ЖШС, байланыс тел.: 87478138210.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің салық заңнамасында қолданылуы

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі (ӘРПК) күшіне енгені бері салық саласындағы дауларды шешудің мүлдем жаңа кезеңі басталды. Бұл кодекс салық төлеушілер (бизнес пен азаматтар) мен салық органдары (мемлекет) арасындағы қарым-қатынасты теңестіруге бағытталған маңызды құралға айналды.

Әкімшілік рәсімдердің міндеттері: Жеке және заңды тұлғалардың жария құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін толық іске асыру;

жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу;

тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару ше-

шімдерін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету; мемлекеттік басқаруды цифрлық трансформациялау;

жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту; біркелкі әкімшілік практиканы қалыптастыру болып табылады. Сонымен қатар, Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді түрде қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады.

Сонымен қатар, Соттың белсенді рөлі айқындалды. Бұрын сот тек екі тараптың өктем уәждерін тыңдайтын бейтарап төреші еді. Қазір әкімшілік сот судьясы процесске белсенді араласады. Егер салық төлеуші (әсіресе шағын бизнес немесе азамат) маңызды құжатты таба алмай жатса, сот өз бастамасымен салық органынан немесе басқа мекемелерден қажетті дәлелдемелерді сұрата алады.

Жоғарыдағыларды қорыта келгенде ӘРПК мемлекеттік органдардың неғұрлым ашықтығын, мұқият және заңдылықты қатаң сақталуын басты мақсат етті.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті

2026 жылдың II жартыжылдығына Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Table with 5 columns: Tегі, аты, әкесінің аты; Лауазымы; Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты; Қабылдау жүргізу орны; Байланыс телефоны

* Қабылдауға жазылу +7 (7242) 23-81-14, +7 (7242) 40-01-05 ішкі (4050), (4004) телефондары және dgd.kyzylorda@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.

Footer containing social media links (Facebook, Twitter, Instagram), contact information for Syrbai Media, and publication details.